



## ҚЫЗЫЛ СУ



Арқадан жуа көшкелі не заман?!  
Итжуаның тұқымы тұздай болған.  
Қойжуаны күндіз шам алып іздесеңіз, таппайсыз.  
Құсжуаны көрдік деген жанды да көрмедік.  
Ендігі кезек бәйшешекке де жеткен сынды.  
Бәйшешек бүр жармай Арқаның көктемі шықпайтын. Сол  
бәйшешектің ел көзіне түспегеніне де бес-алты жылдың  
жүзі болыпты. Үлкендер жағы бәйшешек көшіп жатыр  
дейді...

Жалғасы 7-бетте)

## БӘЙШЕШЕК КӨШІП БАРАДЫ...

## САРАП

## МЫҚТЫ ӘЛІПБИГЕ – НАҚТЫ ҚАДАМ




Түркілер қолданатын латын әліпбидің әрқилы емес, біркелкі болуы туысқан елдер арасындағы түсіністік пен ынтымақтастықтың нығаюында көкейкесті екені сөзсіз. 1940 жылы кеңестік кезеңде түркі республикалары латыннан кириллге өткенде әр республика өз бетінше алфавит жасап әзірбайжан, қазақ, қырғыз, өзбек, татар, түркімен секілді халықтар бір-бірінің жазғанын оқуда қиыншылыққа ұрынған еді. Онда біркелкі

дыбысты бейнелейтін әріптер басқа болды. Алфавиттегі таңба сандары да әр түрлі еді. Атап айтқанда, қазақшада – 42, өзбекшеде – 38, қырғызшада – 41, түркіменшеде 36 әріп. Ал Түркия болса латынға 1928 жылы өткенімен онда бар-жоғы 29 әріп бар. Олардан бірқатар дауыстар ескерілмегенін бүгінгі ғалымдар айтып отыр. Негізі түркі тілдерін 34 таңбамен белгілеуге болады. Бүгін түрік латын әліпбиінде 5 әріп кем болып отыр.

Жалғасы 3-бетте)

## ПОРТРЕТ

## ҚАДЫРИЯ



Құрдасым Қадырмен кездесе қалғанда, телефонмен хабарласқанда: «Қадырия, хал жақсы, иә?» дегенімде ол: «Шүкір, Ғаббасия!» деп алып, қашанда дайын қалжыңымен әрлеп, қысқа да нұсқа бір әңгіме айтып жіберуші еді.

(Толығырақ 9-бетте)



## БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

55,84



DOLLAR

312



EURO

333



РУБЛЬ

5,54

## БІЗДІҢ СҰХБАТ



Аманғали БАТАЛОВ:

## «АРЫСТАН» АРЫСЫ БОЛУ ҮШІН РУХ КЕРЕК

Өзіңе берілген өмірді ешқандай тәуекелге бармай, тыныш өткізуге болады. Сонымен қатар халықтың құрметіне бөленіп, есімің тарих бетінен өшпестей қалдыра аласың. Бірақ ондай жағдайда аянбай тер төгуіңе тура келеді. Ал мен Тәуелсіз еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жұмыс істедім.

(Толығырақ 5-бетте)

4

МОДЕРНИЗАЦИЯ  
МЕРЗІМІ  
ҰЗАРТЫЛМАЙДЫ!

КЕТТІ, КЕТТІ...

7

ОРЫНБАЙ МЕН  
АҚАН СЕРІНІҢ  
АЙТЫСЫ

8

МЫҚТЫ  
ЕКЕНІМДІ  
ДӘЛЕЛДЕЙМІН

11

on the web  
JASQAZAQ.KZ



БИЛІК



атап көрсетті. Ал Ұлы Далаға Ислам діні тарағаннан кейін руникалық жазулар біртіндеп ысырылып, араб тілі мен араб әліпбиі тарала бастады. X ғасырдан XX ғасырға дейін, 900 жыл бойы Қазақстан аумағында араб әліпбиі қолданылды. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жана әліпбиі - «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жана әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себеппен айқындалып келді. Президент «Мен 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан-2050» стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдедім. Бұл — сол кезден барлық салада біз латын қарпіне көшуді бастаймыз деген сөз. Яғни 2025 жылға қарай іс қағазын, мерзімді баспасөзді, оқулықты, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де таяп қалды. Сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмысына қазірден кірісеміз. Үкімет қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауы керек. Латыншаға көшудің терең

логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшелігіне байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін оңсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергі болмақ емес», — деп атап көрсетті. Елбасы 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жана графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керектігін де жеткізді. Ал 2018 жылдан бастап жана әліпбиді үйрететін маманды және орта мектепке арналған оқулықты дайындауға кіріскен дұрыс деп санайды. Мемлекет басшысы «Алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуіне тиіс. Әрине, жана әліпбиге бейімделу кезеңінде белгілі бір уақыт кириллица алфавиті де қолданыла тұрады», — деп жазды.

inform.kz

ПІКІР

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақаласын оқи отырып, мен алдағы жылдарда ұлттың тілі, дәстүрі, мәдениеті қарыштап дамиды деген сенімдемін. Мемлекет болу үшін оның территориясы, әскері, тілі, мәдениеті болуы керек. Мемлекеттіліктің осы төрт шарты, төрт құбыласы осы мақалада кең көлемде қамтылған. Қазақтың сонау ықылым замандардан бері қарайғы мәдениеті мен тарихы

100 жаңа есім жайлы айтылуы. Мысалы, кешегі Димаш Құдайбергенов, Геннадий Головкин. Осы сияқты біздің елімізде білгір мамандар, танымал тұлғалар мен таланттар бар. Қазақстандағы 100 жаңа есім деген елдің рухын көтеріп, жастарға мақтаныш болады деп ойлаймын. Ақсақал қарияларымыз бен ұстаздарымыздың, елге тұтқа болар тұлғалардың берекелі ісін үлгі ету осы жобаның ерекшелігі. Сол сияқты 100

## ҰЛТ РУХАНИЯТЫ ҚАРЫШТАП ДАМИДЫ

қопарыла айтылған. Ең әуелі, 2025 жылға қарай іс қағаздар мен оқулықтар, баспасөздер латын әліпбиіне көшеді дегені көкейге қонды. Себебі осы уақытқа дейін біздің 40 мыңға жуық жастарымыз «Болашақ» бағдарламасымен оқып келді. Бәрі де ағылшын тілін меңгерді. Ағылшын тілінің өзі де латын қарпімен жазылады. Осы мақалада біртұтас түркі алфавитін енгізу мәселесі қозғалған. Сондықтан бұл өте дұрыс қолдайтын мәселе.

Екіншіден, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша қазақ тіліндегі жана оқулық жобасын қолға аламыз дейді. Бұл ретте тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге қажетті білім беру үшін барлық жағдайды жасауымыз қажет делінген. Осы орайда осы пәндерді терең білетін және оны аудиторияға сұлу жеткізетін ұстаздар тұлғасына да мән беру керек деп ойлаймын.

Мақаланың тағы бір жаңалығы, Қазақстандағы

жаңа есімнің өңірлік нұсқасын жасауға да болады. Облыстар мен аудандардағы талантты жастарымыз бен еңбегі ерен тұлғалардың танылуына кең жол ашуымыз қажет.

Осы стратегиялық мақалада Туған жер жобасы мен Қазақстанның киелі жерлерінің географиясын жасауға деген өте тамаша тың жобалар ұсынылған. Біздің қазақтың барлық жері киелі және қасиетті. Сондықтан да біз туған жердің бір түйір топырағын көздің қарашығындай сақтауымыз қажет.

Бұл құжат еліміздің терең, мазмұнды, жан-жақты стратегиялық даму жоспары. Мемлекеттің дамуы, көркеюі, басқа елдермен терезесінің тең болуы ұлттық санаға байланысты. Сондықтан дамуың темірқазығы ҰЛТТЫҚ САНА деп білемін.

Серік НЕГИМОВ,  
филология  
ғылымдарының  
докторы,  
профессор



АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

2

млн теңге.  
Пойыз жолсерігі  
жолаушының күпөде  
ұмытқан ақшасын қайтарды

12,4

млн теңге.  
Жесір әйел ақшасын  
ақыры қайтара  
алмады

40

млн теңге.  
Бас директордың  
орынбасары пара алған

Сөз-Жебе

Ерлан  
НЫСАНБАЕВ, ауыл  
шаруашылығы вице-министрі:



«Ауыл шаруашылығы министрлігі қазіргі уақытта тиісті есептеу әдістемесін әзірлеуде. Онда еліміздің әрбір өңірінің жағдайы мен ерекшелігі ескерілуде. Бұдан басқа, заң жобасында шекаралық белдеу және шекара аумағында орналасқан жер телімін шетелдікке, азаматтығы жоқ адамға, Қазақстан Республикасының шетелдікпен некеде тұрған азаматына немесе шетелдік заңды тұлғаға беруге тыйым салынады. Мемлекеттік шекаралық белдеуінде орналасқан ауыл шаруашылығы жерін жекеменшікке де, жер пайдалануға да берілмейді»

Шара

Латын әліпбиіне көшу жөніндегі арнайы жұмыс тобы құрылады. Бұл туралы білім және ғылым министрлігі ғылым комитетінің төрағасы Болат Әбдірәсіпов мәлім етті.

Оның айтуынша, жұмыс тобының құрамына ғалымдар, тіл білімі саласындағы мамандар шақырылады. Комитет төрағасы атап өткендей, латын әліпбиіне көшу

## ЖҰМЫС ТОБЫ ЖАСАҚТАЛДЫ



мемлекеттік деңгейдегі өте ауқымды міндет. Ол «Біз көптеген ғылыми сараптама жүргізуіміз керек. Себебі латын әліпбиіне көшу барысында әртүрлі проблема шығады. Мәселен, бірінші сыныптан бастап оқулықты өзгерту керек. Бұл өте ауқымды жұмыс. Дегенмен болашақ үшін латын әліпбиіне көшуіміз керек», — деді.

БАЙЛАНЫС

Ел азаматтарының Еуропаға оңай баруы үшін Шенген визасының тәртібі жеңілдетілуі керек. Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов Манфред Грунд бастаған ГФР Бундестагының

«Германия – Орталық Азия» парламенттік сапар тобымен кездесуде осы мәселені қозғады.



## ЕУРОПАҒА ОҢАЙ БАРУ

Қ.Әбдірахманов Қазақстан мен Германия арасындағы, сондай-ақ Еуропалық одақпен жалпы адами байланысты одан әрі өркендетуге тоқталып, еліміздің осы саладағы салмақты қадамын атап өтті. Бұған дәлел ретінде жыл басында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы және Еурпалық одаққа мүше мемлекеттердегі азаматтардың елімізге келу мақсатында төлқұжаттың барлық түрлеріне 30 күнге дейін визасыз тәртіп орнатылды. Шетел инвесторлары, іскер топтар мен және туристердің елге келуін жеңілдететін нақты шешім қабылдау жолында әрекет етуде. Қазақстан өз кезегінде аталған одақтан Шенген визасы тәртібін біздің азаматтар үшін жеңілдеуін күтеді.

Саяхат



Қазақстан мен Өзбекстан туризм саласындағы ынтымақтастықты дамытуға ниет етіп отыр. Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы мен Өзбекстан туризмді дамыту бойынша мемлекеттік комитетінің төрағасы Әнуар Шароповтың кездесуінде осы мәселе талқыланды.

Жүздесуде екі ел арасындағы саяхатшыларды көбейту үшін жаңа екі өткізу бекеті ашылды.

## ӨЗАРА БАЙЛАНЫС ДӘНЕКЕРІ

Жұмыс істеп тұрған үш бекет арқылы туристер тәулік бойы өте алады. Алматы мен Ташкент арасында жүрдек пойыздың жүре бастауы да бұл іске серпін берді. Өзбектер Астана мен Алматы қалаларына, Шымбұлақ тау шаңғысы орталығы, Бурабай, Балқаш және Алакөл сияқты демалыс орындарына келуге ықылас танытып жатыр. Ал біздің саяхатшылар тарихы терең, Ұлы Жібек Жолымен тамырлас Ташкент, Самарқан, Бұқара және Хиуа қалаларына тамашалауға қызығады.

Тараптар биыл Астанада өтетін ЭКСПО 2017 көрмесінің маңызына тоқталып, туризмнің мол әлеуетін пайдалану қажеттігі жөнінде уағдаласты.

Емтихан

## СЫНАҚТАН СҮРІНДІ



Ақмола облысында 8 мемлекеттік қызметкер аттестациядан өте алмай қалды.

Ал сынақтан сүрінбей өткендердің кейбірі өзіне қандай міндет жүктелгенін түсіндіріп бере алмаған. Дегенмен комиссия мүшелері бұған түсіністікпен қарапты. Ал сынақтың екінші және үшінші кезеңдерінде әлі 3 мыңнан астам адам әңгімелесуге келеді. 24.kz хабарлағандай, жалпы Ақмола облысында 5,5 мың мемлекеттік қызметкер бар. Оның 4 мыңға жуығы аттестаттаудан өтеді.



Ұсыныс

Түркілер қолданатын латын әліпбидің әрқилы емес, біркелкі болуы туысқан елдер арасындағы түсіністік пен ынтымақтастықтың нығаюында көкейкесті екені сөзсіз. 1940 жылы кеңестік кезеңде түркі республикалары латыннан кириллге өткенде әр республика өз бетінше алфавит жасап әзірбайжан, казак, кыргыз, өзбек, татар, түркімен секілді халықтар бір-бірінің жазғанын оқуда қиыншылыққа ұрынған еді. Онда біркелкі дыбысты бейнелейтін әріптер басқа болды. Алфавиттегі таңба сандары да әр түрлі еді. Атап айтқанда, қазақшада — 42, өзбекшеде — 38, кыргызшада — 41, түркіменшеде 36 әріп. Ал Түркия болса латынға 1928 жылы өткенімен, онда бар-жоғы 29 әріп бар. Олардан бірқатар дауыстар ескерілмегенін бүгінгі ғалымдар айтып отыр. Негізі, түркі тілдерін 34 таңбамен белгілеуге болады. Бүгін түрік латын әліпбиінде 5 әріп кем болып отыр.

Сонымен қатар кеңестік туысқан түркі республикаларындағы грамматика, емле және фонетикалар да бір-бірінен алшақтап өзгеше арнада дамыды. Сөйтіп, ғасырлар бойы бір-бірімен еркін сөйлесіп, түсінісіп келген түркі халықтарының тілі алыстады. Сонын салдарынан түркі дүниесінің басқа аймақтарын былай қойып, Орталық Азияның өзінде көрші тұратын түркі елдері арасындағы өзара түсінушілік кеміп, бір-біріне менсінбеушілік және сенімсіздікпен қарау белең алды. Осындай жағдай салдарынан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2005 жылы ұсынған Орталық Азия Одағын құру жөніндегі ұсынысы аймақта қолдау таппады.

Жоғарыда кеңестік кезеңде түркі республикалардың түрлі-түрлі нұсқада кирилл таңбасына өткенін айтқан едік. Тіл ғалымдары, солардың ішінде ең ұтымды алфавиттің Қазақстан қолданған кирилл әліпбиі екенін айтуда. Мәселен, түрік ғалымы Хатиже Ширин Ұсер казак-кирилл әліпбиі өзге түркі-кирилл алфавитіне қарағанда, таңбаның графикалық және фонетикалық тұрғыдан бір-бірімен байланысты болуы және бір дыбысқа бірден көп таңба берудің болмауына байланысты мұқият дайындалғанын айтады. Бұл тұрғыда казак-кирилл әліпбиін дайындаған тіл ғалымы С.А. Аманжоловтың рөлінің зор екендігін атап өтеді.

Біз казак-кирилл әріптерінің сәтті шыңуының қосымша бір себебін де одан алдыңғы казак-латын және казак-араб алфавиттерінің сәтті дайындалғандығы екенін айтар едік.

Әсіресе Ахмет Байтұрсынұлының жасаған казак-араб әліпбиі түркі дүниесінде осы жүйедегі ең ұтымды жасалған әліппе болып табылары хақ. А.Байтұрсынұлы Исмаил Гаспиринскийдің «Ұсұли саути», яғни «дауысты тәсіл» методикасы ретінде дайындаған әліпбиі қазақтың тіл ережелеріне нақты келген. Осы орайда Түркияда Ататүрікке қатысты айтылып жүрген бір анекдот А.Байтұрсынұлының осы реформасының ұтымдылығын көрсету тұрғысынан маңызды. Сол анекдотта Ататүрік «Мен Байтұрсынның төте жазуын бұрын білгенде, араб графикасынан латынға өту жайында шешім қабылдамас едім» деген екен. Бұл анекдоттың қаншалықты шындық екені белгісіз. Бірақ бір нәрсе бұлтартпас ақиқат. Ол түркі халықтары мың жылдан астам қолданған араб графикасына бұрынды-соңды ең ұтымды реформаны А.Байтұрсынұлының жасағандығы. Ол осы әліпбиін дайындаған үш мәселені негізге алған.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуір күні жасаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы тек шетел қазақтарын ғана емес, бүкіл түркі дүниесін дүр сілкіндірді. Қазіргі таңда бүкіл түркі дүниесі латын әліпбиіне өткенде тек Қазақстан мен Қырғызстан кирилл таңбаларында болатын. Олардың өтуімен түркі дүниесіндегі мәдени және рухани ынтымақтастық жаңа белеске көшпек. Қазақстан осы орайда өзге түркі республикаларының латынға өтуде жіберген қателігінен сабақ алып, ең мықты реформаны жасайды деп сенеміз.

# МЫҚТЫ ӘЛІПБИГЕ – НАҚТЫ ҚАДАМ

1. Қазақ-араб әліпбиінен қазақ тілінде орны болмаған дыбыстарды бейнелеген (сад, дат, ты, зы) әріптерді алып тастау

2. Қазақ тіліндегі әр дауысты дыбысқа бір таңба белгілеу

3. Қазақтың сингармонизм заңдылығын қамтамасыз ету үшін сөздің басына жіңішкелік белгісін қою.

А. Байтұрсынұлы өзі «жана емле» деп ат беріп 1912 жылы «Оқу құралы» атымен жарияланған кітабында атап өткен, осы реформаланған казак-араб әріптері қазіргі күнде «төте жазу» деп аталуда. Сондай-ақ Қытайдағы казактар қолдануда.

Түрік ғалымы Ұсер казак тілінің емле қағидаларының тарихта алғаш рет А.Байтұрсынұлының қолға алғанын және оның осы ережелерінің кейінгі латын және кирилл алфавиттерінің жасалуына негіз болғанын айтуда. Міне, бүгінгі таңда латын әліпбиіне өтерде Қазақстан ғалымдарының негізге алары қазіргі кирилл әріптері емес, сәтті жасалған А.Байтұрсынұлының төте әріптері болу керек. Сонда казак тіліне толық үйлесімді мықты алфавит ортаға шықпақ. Әйтпесе кирилл әріп жүйесінде кейбір қателіктер латынға да өтіп, кейбір кемшіліктерге ұрындыруы әбден ықтимал. Біз төменде кирилл әріптерінің бүгінгі казак тіліне кері әсерін ашып көрсететін боламыз.

Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың 2006 жылы латынға дайындық жасалуы туралы шешімінен кейін Қазақстанда латын әліпбиіне қатысты 100-ге тарта жобаның жасалғаны айтылуда. Көптеген газет және журнал, әсіресе интернет парақшаларында кириллге қоса, латын жүйесіндегі беттерін де іске қосты. Жеке аламдар интернетте, қалта телефонында латын әріптерін көбірек қолдана бастады.

Біздің байқағанымыз, осы латын әріптерінің көпшілігінің орынды қолданылғанымен бірнеше әріпте, әсіресе орыс тілінің емлесінің әсерінде кате қолданыстар кең тараған. Бұлар кезінде, атап айтқанда, 1940 жылы казак-кирилл алфавит жүйесі жасалған уақытта 60 жылдан кейін казак тілінің орыс тілімен мұндай араласып кететінін есептелмеуінен



туындаса керек. Осының салдарынан казак тілінің фонетикасының өзгеріп кеткендігін қарапайым халық былай тұрсын, тіл ғалымдарының өзі кейде пайықтай алмауда. Бұған әсіресе «е» әріпі нақты дәлел бола алады.

Қазақтың кирилл әріптерін жасаушылар бұл әріптің кейін орыс тіліндегі «е» әрпімен шатасатынын есептемеген болса керек. Өйткені орыс тілінде осындай дыбысты бейнелейтін екі әріп баршылық. Оның екіншісі «э» әріпі. Өйткені «е» әрпі сөздің басына келгенде «йе» деп оқылады. Егер сөздің басында «е» оқылу керек болса, онда ол сөз «э» әрпімен басталады. Мұны орыстар өзінің тілінде жақсы орналастырған. Қазақ әліпбиін жасаушылар мұны басшылыққа алмаған болса керек. Міне, мұның салдарынан қазір казактар бұрын «эр», «эрлік», «Эсенгүл» деп оқылып келген сөздер мен есімдер «ер», «ерлік», «Есенгүл» деп жазылғандан, мұны орыс емлесінің қағидасымен оқығанда бұлар «йер», «йерлік», «Йесенгүл» деп оқылып, латын әліпбиі жүйесінде солай (*йер», «йерлік», «Йесенгүл»*) жазылып келеді. Бұл сөздеріме дәлел үшін 1910-1920 жылдары қолданылған төте жазумен жазылған мәтіндерге қарау жеткілікті.

назарға алынбай, тек орыс тілінің қағидасымен аударылуда.

Орыс тіліндегі «у» әрпінің баламасы казак тілінде «ү» әрпі болып келеді. Ал казак тіліндегі «у» әрпі сөздегі дауысты немесе дауыссыз, жуан дауысты және жіңішке дауысты әріптен кейін келуіне байланысты «в», «ұв» және «үв» түрінде оқылады. Бірақ біз бұлардың бәрін латынға транскрипциялағанда орыс тілінің қағидасы бойынша «у» жасап отырмыз.

Мәселен, «бару», «келу» деген сөздердің соңындағы «у» әрпі латын болғанда «-у, -у» түрінде келсе, жақсы болады. Сонда ол барu, kelü емес, барuv, kelüv түрінде жазылуға тиіс.

Мысал үшін казак кирилімен менің атым «Уақап» деп жазылады. Бірақ бұл латын әріптерімен «Uаqар» деп емес «Vaqар» деп жазған дұрыс. Ал Уақап деген атты орыс кириллицасымен жазатын болсақ, «Вақап» деп жазар едік. Сол секілді орыс тілінде «Евразия» сөзін казак кирилімен «Еуразия» деп жазамыз. Сонда казакша «Еуразия» деген сөзді латынға «Euraziya» деп пе, әлде «Evraziya» деп жазу дұрыс па?

Мәселен, «уақыт» дегенді, қазірге дейін жазылып келгендей «uaqıt» (*уақыт*) деп емес, «vaqıt» (*уақыт*)

Мысалы, «сенін», «мәтін», «иман», «қисын» сөздерін «senin», «mätin», «iupan», «qıysın» деп жазған дұрыс. Ал «и» әрпі орыс тіліндегі бір мәтінде латынға аударғанда «i» болып келетінін ескерген жөн. Мәселен, орыстың «книга» деген сөзін латынға аударғанда «kniya» түрінде емес, «kniga» түрінде аударған дұрыс. Бұған абай болу керек.

Қорытындылар болсақ, Қазақстан — түркі республикалар ішінде латын әліпбиіне ең кеш өтетіндердің бірі. Осыны жақсы пайдаланып Қазақстаннан бұрын латынға өткен елдердің тәжірибелерін мұқият зерттеп, олардың артықшылық және кемшіліктерін салыстырып, түркі елдері ішіндегі ең мықты латын әліпбиді жасауымызға болады. Сөйтіп араб және кирилл графикасында бүкіл түркі дүниесі бойынша озық алфавитті жасаған Қазақстан латында да бұл табысын қайталауы әбден мүмкін.

**Әбдіқап ҚАРА,**  
тарих ғылымының докторы, Мимар Синан көркем өнер университетінің профессоры, Түркия



ПІКІР



**Асылы ОСМАН,**  
*қоғам қайраткері*

— Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан ұлттың болмысын, еліне-жеріне деген сүйіспеншілігін көруге болады. Әсіресе латын әліпбиіне көшу

## ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕНДЕ, КЕРТАРТПАЛЫҚ ЖАСАЙМЫЗ

Қазақтың болмысы бөлек, арамдықтан ада, қиянаттан жұрдай халық. Неге осы қасиетімізді үлгі етпеске. Шүкір бүгінде біз әлемге танылып отырмыз. Енді ұлттың бойындағы рухани асыл-қасиетімен бойындағы адамгершілік қасиетін көрсете білуіміз керек. Елбасымыз сыртқы саясатты әлемге қалай танытты, енді бізде рухани дүниеімізді көрсете білуіміз керек. Әлемнің барлығы латын әліпбиін қолданады. Кайта біз бұл жағынан келгенде кешеуілдеп отырмыз. Осы жерде біздің ғалымдардың кертартпалығы бар ма? — деп ойлаймын. Тіпті бір жылдары осы мәселеге қатысты Түркістанда дөңгелек үстел ұйымдастырған болатынымн. Кейбіреуі қарсы шығып, қаражаттың керектігін ала тартқан болатын. Ұлттық дүниге келгенде, біздер кертартпалық жасап жатырмыз. Ал енді Елбасының мына бастамасы келешекті кемел, жастарға жарқын болашақтың есігі дер едім. Бұл күнде ешкім ешкімді атом бомбасымен жеңе алмайды. Біздің женетініміз тек қана білім.

**Омар ЖӘЛЕЛҰЛЫ,** филология ғылымдарының кандидаты, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің доценті

## ҰЛТ МҮДДЕСІ ҮШІН ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ



— Президенттің әліпбиді латын кәріпіне көшіру туралы айтып жүргеніне де 10-15 жылдың жүзі болды. Бұл — өмірлік қажеттіліктен туындап тұрған шешім. «Сабақты ине сәтімен» дегендей әліпбиді ауыстыру — казак үшін не тиімді соған сай батыл қадамдар жасайтын кез келді. Әрбір

халықтың, ұлттың бойында нақты шешім қабылдайтын кезеңдер болады. Сол шешім қабылданған екен, ары тартып, бері тартпай, халық болып бұл маңызды істі қолдауымыз керек.

Өзбекстан, Әзірбайжан сияқты елдердің әліпби ауыстыру кезінде кеткен қателіктерін жібермей, сол елдердің тәжірибелерін зерттеп, кемшіліктерін ескеру керек. «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» дегендей нақты жұмыс жасауымыз керек. Маман проблема емес. Жеткіліксіз болса, дайындауға болады.

**НҰРХАТ СЕРІКБАЕВ,**  
Жамбыл облыстық кино орталығының директоры

— Елбасы жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы ойы бірнеше маңызды міндеттер жүктеп, жүйелі жобаларды ұсынып отыр. Оның ішінде төртінші жобада жергілікті нысандар мен елді мекендерге

## ТАРИХ ПЕН ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, халықтың санасына одан да маңыздырақ — жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру қажеттілігі айтылған. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жері болады. Оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл — рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі.

Біз — ұлан-ғайыр жері мен рухани байлығы мол елміз. Ұшқан құстың қанаты талатын Ұлы Даланың кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Қай заманда да осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы үзілмеген. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенің, Қожа Ахмет Йссауи кесенесін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет Ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды мензейді.





E-mail: [jas\\_qazaq@mail.ru](mailto:jas_qazaq@mail.ru)

[www.jasqazaq.kz](http://www.jasqazaq.kz)

**Жанармай** Мың рет естігеннен бір көрген артық. Осыны ескерді ме, энергетика министрлігі баспасөз өкілдеріне арнайы сапар еліміздегі үш мұнай өңдеу зауытына ұйымдастыруды қолға алды. Бірінші бағыт – Шымкент мұнай өңдеу зауыты (МӨЗ). Министр Қанат Бозымбаевтың алғашқы сапарды осы кәсіпорыннан бастауы бекер емес. Шымкент МӨЗ-індегі жаңғырту жұмыстары былтырғы жылы аяқталуы тиіс еді. Бірақ әлдеқандай себептермен әлі бітер емес.

Сапар барысында бірден байқалды. Министр өзіне сенімді. Қай өңірге әкім болса да, алға бастырмай қоймайтын Қанат Бозымбаев елдегі жанармай тапшылығын жою жолында да аянбайтын сияқты. Берілген тапсырма нық. Ертенгі күні орындалмай қалса, сұрауы да қатан болмақ. Зауытты аралап шыққаннан кейін өткізілген жиында есеп берушілердің сөзін мұқият тыңдап алды. Содан кейін нақты сауалдар қойды. Сұрақ жаудыруға даярланып, делебесі қозатын журналистердің жұмысын осылай жеңілдетіп тастады.

Зауытты жаңғырту жобасы қолға алынған сонау 2009 жылдан бері не тындырылды? Қандай шаруа бітпей жатыр? Оған не кедергі? Жиын барысында осы іспетті сауалдарға жауап алынды.

Шымкент МӨЗ-ін жаңғырту – зауыт жұмысын заманауи деңгейге

Қанат  
БОЗЫМБАЕВ:

# МОДЕРНИЗАЦИЯ МЕРЗІМІ ҰЗАРТЫЛМАЙДЫ!

жеткізу  
дегенді  
білдіреді.

Модернизация аяқталғаннан сай өнім өндіріледі. Өндірістің жылдық қуаты 6 млн тоннаға жетеді. Өңдеу тереңдігі 90 пайызға артып, ауаға таралатын зиянды қалдықтар азаяды.

Жаңғыртудың бірінші кезеңінде күкірт өндіретін құрылғы салынды. Оның жылдық қуаты 4 мың тоннаны құрайды. Сондай-ақ қолданыстағы дизель отынын гидротазалау қондырғысы қайта құрылды. Ашық түсті мұнай өнімдерін құятын жабық құрылғылардың құрылысы аяқталды. Күні кеше ірі технологиялық нысан – шикізатты алдын ала гидротазалайтын блогы бар жеңіл бензин фракцияларын изомерлеу қондырғысында құрылыс-монтаждау жұмыстарының аяқталғаны хабарланды. Қазір онда іске қосу-реттеу жұмыстары жүріп жатыр. Ол биылғы жылдың шілдесінде аяқталмақ.

Екінші кезең аясындағы жұмыс та қарқынды. Алдыңғысымен салыстырғанда, бұл кезең технологиялық жағынан күрделі. Жоғары октанды моторлы отын алатын, жылына 2 млн тонна мұнай өңдейтін қуаты бар каталитикалық

крекинг қондырғы кешенін салуды қарастырады. Жиында жаңғыртудың екінші кезеңі 2018 жылдың

**Шымкент мұнай өңдеу зауыты 1985 жылы салынған. Зауыттың шикізат өңдеудегі жобалық қуаты жылына – 5,25 млн тонна немесе жылына 40,65 млн баррель мұнай**

шілдесіне дейін аяқталатыны қайта-қайта ауызға алынды. Осы орайда Қанат Бозымбаев Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасына сәйкес, бұл жобаның 2016 жылы аяқталуы тиіс болғанын еске салды. 2009 жылы басталған жобаның тоғыз жылға созылуын тым ұзақ мерзім деп бағалаған министр, оның себебін ашық айтуды өтінді. «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ аға вице-президенті Данияр Тиесов мерзімді кешіктірудің бір себебін технологияны анықтаудан көреді. «Каталитикалық крекинг технологиясы негізіндегі алғашқы ТЭД (техникалық-экономикалық дәйектеме)

2009 жылдың желтоқсан айында дайын болды. Содан кейін біз басқа технология – гидрокрекинг негізінде ТЭН жасауға кірістік. Оған бір жыл кетті. Сосын қай технологияны таңдау керектігі анықталды. Бұл жұмыс 2011 жылы аяқталды» деді ол. Осыдан кейін жоба-сметалық құжаттау, мемлекеттік сараптама және құрылысқа рұқсат алу сияқты жұмыстар басталды. 2014 жылы ғана нақты іске кіріскен. Сондай-ақ қаржыландыру мәселесі де аяқтан шалғанға ұқсайды. Оның айтуынша, қазір қаржыландыру жағы жобаға қатысушылардың мейнінде. 400 млн теңгені КМГ, 400 млн теңгені CNPC салды. Маусым айында бұл қаржы да түгесілді. Сондықтан Қытай банкінен 1 млрд доллар қарыз алуға тура келеді.

**Жаңғыртудың екінші кезеңі аяқталғаннан кейін жоғары октанды бензин өндіру жылына 2 270 мың тоннаға, дизель отыны 1,916 млн тоннаға, ал авиаотын өндіру жылына 400 мың тоннаға дейін артады**



Науқан

# ШАРУАҒА ҚАРЖЫ ҚАЖЕТ

Бүгінде Солтүстік Қазақстан мен Ақмола облыстары Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына (ӘКК) 2 млрд теңгеге жуық қарыз. Бұл туралы ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі Қайрат Айтуғанов Астанада өткен Қазақстан Фермерлер одағының жиынында мәлім етті.

Ауыл шаруашлығы министрлігінде өткен жиында шаруа өзін толғандырған сауалды шенеунікке тікелей қойып, өзіне қажетті жауабын алды. Бүгінде шаруаның басты түйткілі – егіс науқанына қаржының

«Негізі мердігердің жылдам жұмысы есебінен мерзімге сай бітіруге үміттенген едік. Оның алдына сондай міндет те қойдық, — деді Тиесов мырза. — Алайда мердігердің оған шамасы келмеді.

Сағынтаевпен келістік. Модернизация мерзімі енді ұзартылмайды. Бізге басқа жол да, тандау да жоқ», — деді Қанат Бозымбаев.

**Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту жобасы 11 технологиялық қондырғыны, зауыт шаруашылығының 29 нысанын салу және қайта құруды қамтиды**

Модернизацияны мерзімінде аяқтаудың маңызы зор. Өйткені, 2018 жылдың 1 қантарынан еліміз К-4, К-5 деңгейлі өнім өндіре бастауы тиіс. Оның үстіне өбден жауыр болған жанармай жырынан да құтылатын кез келді. «Біздегі бензин бағасының шарықтауы қашанда МӨЗ-дің жаңғыруына келіп тіреледі, — деді министр. Біз қазір жоғары октанды, әсіресе, ең өтімді 92 маркалы бензинге мұқтаждықтың 70 пайызын ғана өтейміз. Дизель отыны жағынан да шекаралас мемлекеттерге аз-кем тәуелдіміз. Тиісінше, біз Ресей Федерациясының баға конъюнктурасына бағыныштымыз. Сондықтан модернизацияны уақытында аяқтау маңызды».

Газдандыру

# «КӨГІЛДІР ОТЫН» КЕЛДІ

Сонымен бірге облыс орталығының шығыс аумағы 15, Өтенай ауылдық округі 13, оңтүстік-шығыс 13, солтүстік өңір 27 пайызға газ желісі тартылады. Егер жоспар ойдағыдай орындалса, жыл соңына қарай 22 емес, қаланың 50 пайызы көгілдір отынның игілігін көруі мүмкін.

Өңір тұрғындарын көгілдір отынмен қамтамасыз ету үшін үлкен жұмыс жасалды. Оның нәтижесін бөлінген қаржы мен атқарылған жұмыстардан-ақ білуге болады. 2013-2016 жылдары өңірді көгілдір отынмен қамтуға баса назар аударылды. мән берілгенін аңғаруға болады. Талдықорған қаласын газбен қамтамасыз ету төрт кезеңге бөліп орындалады. Алғашқы кезекте «Қаратал» шағынауданы, Абылай хан, Жансүгіров, Гаухар ана көшелерінің бойындағы, облыстық аурухана, автобекет және орталық базардың маңындағы жеке және көпқабатты тұрғын үйлер, «Талдықорған» индустриалды аймағы мен Оңтүстік өндірістік аймақ газ желісімен қамтылады. Екінші кезекте «Самал», «Жастар» шағынаудандары мен Қабанбай батыр, Чкалов, Белов, Шевченко көшелерінің бойындағы жеке және көпқабатты тұрғын үйлерге газ жеткізіледі. Үшінші кезекте Өтенай және «Шығыс» шағынауданы мен Жансүгіров, Алматы, Тілек Әбжалиев көшесінің тұрғындары көгілдір отынға қол жеткізеді.



айтуынша, ӘКК 5-6 млрд теңге облыстарға бөлініп, ол шаруаға 2-3 пайызбен берілетін. Бірақ қарыз қайтпаған.

Жиында мәселе жан-жақты қаралып, Фермерлер одағының кеңесі ӘКК қаржыландыруды 2020 жылға дейін ұзарту туралы шешім қабылдады.

Әлихан КЕНЖЕ,  
Астана

«Модернизацияның нәтижесінде қазіргімен салыстырғанда, жоғары октанды бензин өндіру жылына 1,2 млн тоннаға, дизель отыны 700 мың тоннаға ұлғаяды. Авиаотын өндірісінің көлемі 150 мың тоннаға артады. Бұл біздің авиаотынға мұқтажлығымыздың 50 пайыздан астамын өтейді деген сөз. Әлбетте, бұл бағаға да әсер етеді. Үш зауытты жаңғыртқаннан кейін баға құрауға ықпал ететін тетігіміз күшейеді. Қазір жоғары октанды бензиннің 30 пайызын, дизель отынының 10 пайызын сырттан әкелеміз. Егер үш МӨЗ-дің модернизациясы дер кезінде аяқталса, 2018 жылы еліміз жанармай тәуелділігінен арылады. «Әрине, шекара ашық, ортақ нарық болғандықтан, баға конъюнктурасына Ресей, Қырғызстан, Беларусь және Арменияның әсері болмай қоймайды. Бірақ ішкі нарықты өз ресурсымыздың есебінен мұнай өнімдерінің негізгі түрлерімен қамтамасыз ете аламыз». Министрдің айтуынша, импортқа тәуелділіктен арылған соң, жанар-жағармайды сыртқа сатуға мүмкіндік бар. Үш зауыт толық іске қосылғаннан кейін 2 млн тонна бензин, 1 млн тоннаға жуық дизель отыны артық өндірілмек. «Шамамен келесі жылдан бастап экспортқа шығара бастаймыз. Біздің нарық — Орталық Азия, Ауғанстан. Біздің бензинді олар біледі, күтіп отыр» деді ол.

«Елімізде төртінші мұнай өңдеу зауыты салына ма» деген біздің сауалымызға министр: «Оның қажеті шамалы. Тағы бір зауыт салып, оны жартылай толтырғанша, қолданыстағы зауыттарды шикізатпен 100 пайыз қамтамасыз еткен тиімді» деп жауап берді.

Гүлнар  
АХМЕТОВА,  
«Жас қазақтың»  
арнаулы тілшісі,  
Шымкент



Алматы облысындағы барлық елді мекенді газбен қамту үшін 3300 шақырым газ желісін тарту керек. Қазір осы жоспардың бірқатары орындалып қойды. Биыл Талдықорған қаласының орталық аумағының 22 пайызы көгілдір отынмен қамтылмақ.



Төртінші кезекте Еркін, Көктал ауылдары мен қала маңындағы саяжайлар газдандырылады.

Бүгінге дейін Талдықорған қаласына газ желісін тарту жұмысы белгіленген жоспар бойынша орындалып келеді. Айталық, өткен жылы қаланың орталық аумағының 23, шығыс аумақтың 17, Өтенай селолық округінің 7, Еркін селолық округінің 20, оңтүстік-батыс аумақтың 11, солтүстік аумақтың 22 пайызына газ желісі тартылыпты. Биылғы жоспар бойынша қаланың орталық аумағының 22, шығыс аумақтың 15, Өтенай ауылдық округінің 13, оңтүстік-шығыс аумақтың 13, солтүстік аумақтың 27 пайызына газ желісі жеткізіледі. Демек, жыл соңына қарай қаланың 50 пайыздан астамы көгілдір отынның игілігін көреді.

Газбен қамтуды міндетіне алған мекемелер газ құбырын әр үйдің қақпасына дейін жеткізіп беруге жауапты. Сырттағы газ желісін үйге енгізуге қатысты жұмыстарды пәтер және жеке тұрғын үй иелері өз қаржысымен атқарады.

Қуаныш ТҰҢҒАТАР,  
Алматы облысы



Біздің сұхбат

Жас казак:

Аманғали  
Ғаббасұлы,

биыл Ұлттық қауіпсіздік комитеті ширек ғасырлық мерейтойын атап өткелі отыр. Құзырлы мекеменің осы уақыт аралығындағы ең басты жетістігін айтып берсеңіз?

**Аманғали Баталов:** 25 жылда Ұлттық қауіпсіздік комитеті еліміздегі ең қауһарлы, кез келген қатерге төтеп бере алатын құзырлы мекеме екенін дәлелдеді. Біздің бүгінде мақтанышпен айтатын тұрақтылықтың, сондай-ақ отандастарымыздың тыныш өмір сүруіне ықпал еткен бірден-бір мекеме. Бұл комитеттің қылмыскерді, лаңкесті ұстау бойынша жүргізген әр сәтті жұмысы еліміздің халықаралық деңгейде мәртебесін көтерді.

**Жас казак:** Комитет құрылған күннен бастап қызмет жасадыңыз. Сіз үшін бұл құзырлы мекеменің орны қандай?

**Аманғали Баталов:** Өзіңе берілген өмірді ешқандай тәуекелге

Ұлттық қауіпсіздік комитеттің құрылғанына биыл ширек ғасыр. 1992 жылы 13 шілде күні Елбасының Жарлығы шықты. Осы күннен бастап Тәуелсіз еліміздің ұлттық қауіпсіздік мекемесінің тарихы басталады. Комитет 25 жылда даму мен қалыптасудың, тұрақты жетілудің барлық кезеңінен өтті. Құзырлы мекеме құрылымындағы барлық өзгеріс әлемдегі және елдегі ахуалмен тығыз байланысты. Барлық реформаның басты мақсаты – комитетке жүктелген міндетті тиімді шешу, еліміздің мүддесін қорғау. Бүгінде кез келген қатер мен сынаққа шұғыл жауап бере алатын жоғары білікті арнайы қызметке айналды. Қаруланған қылмыскерді құрықтау үшін өмірін қаншама рет қатерге тікті. Бірақ арнайы жасақ сарбазын жігерлендіретін, одан әрі жұмыс істеуге құлшыныс беретін ол отбасының, отандасының, елінің тыныштығы болды. Соның бірі – бүгінде «Альфа» арнаулы жасақ қоғамдық бірлестігінің төрағасы болып жүрген Аманғали Баталов. Осы айтулы мереке қарсаңында жылдар бойы Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен ішкі істер министрлігінде лауазымды қызмет атқарған, бүгінде зейнеттегі полковникпен сұхбаттасқан едік.

берілді. Ал лаңкес басып алған автобуста 13 адам болды. Арасында кішкентай бала бар. Бәрін аман алып қалдық. Ешкім зардап шеккен жоқ. Мен таңғы сағат тоғызда жетіп, оқиғаның мән-жайынан толығымен хабардар болғанда, бұл істі өз қолыма алу керектігін түсіндім. Шешім қабылдау керек болды. Ол үшін біраз ойландым. Себебі кепілге алынғанды аман алып қалу керек. Бұл – үлкен жауапкершілік.

**Жас казак:** Сіз өзіңізге қаншалықты сенімді болдыңыз.

Аманғали  
БАТАЛОВ:

# «АРЫСТАН» АРЫСЫ БОЛУ ҮШІН РУХ КЕРЕК



жазаға кесілгендіктен, ештенеден тайынбайды.

**Жас казак:** Олар қаншау болды?

**Аманғали Баталов:** Бастапқыда алтау болған. Біз басып алғанда, екеуі ғана қалды. Кейбіреуі басқа бағытта қашып кетіпті. Олар кейін өзі келіп

Тәжірибенізде бірінші рет мұндай қауіпті, жауапкершілігі мол істі өз міндетіңізге алдыңыз. Қорыққан жоқсыз ба?

**Аманғали Баталов:** Иә, дұрыс айтасыз. Бұл қызметтік тәжірибемдегі лаңкеске қарсы жүргізген бірінші жұмысым. Сол кезде біздің арнайы жасақтың құрылғанына да аз ғана уақыт болған. Дегенмен мұндай жағдайда қалай әрекет ету керектігін білдім. Лаңкестің психологиясын сезінуге тырысып, өзімді соның орнына қойдым. Бұған дейін лаңкестің автобусты басып алған жағдай тек Францияда болған. Оны кітаптан оқыдым. Бірақ ол жакта кішкене оңайырақ болады. Себебі лаңкестің автобус ішінде жүргені көрініп тұрды. Терезеде перде болған жоқ. Мәселені снайпер алыста тұрып-ақ шешіп тастады. Бізде лаңкес Ісагус автобусын басып алды. Перде болғандықтан, терезеден ештене көрінбеді. Тек екі қылмыскердің бар екенін білеміз. Автобус Шиеліден Шымкент әуежайына келгенше мен

QORĠAN

www.jasqazaq.kz

ЖҚ

Т-mail: jas\_gazaq@mail.ru



бастаған білікті жігіттер дайындық жүргіздік. Жалпы, еліміз тәуелсіздік алған күннен бастап қауіпсіздік саласында осал маман жұмыс істеген емес. Біздің әр



әуежайын таңдадық? Кез келген адам межелеген жеріне жеткенде орнынан тұрады. Соны ескеріп, автобус тоқтағанда жарылғыш затты жардық. Біріншіден, қылмыскердің назары соған ауды, екіншіден, автобус тез тоқтағанда орнынан тұрған жолаушы тепе-теңдігін сақтай алмайды. Осы сәтті біз пайдаландық. Қылмыскер қаруын көтеріп те үлгермеді. Кейін Елбасы бізге Құрмет грамотасын табыс етті. Ол кезде бұдан артық мадақтаудың түрі болмаған. Бұл Құрмет грамотасы сол кезде жасаған ерлігіміздің дәлелі.

**Жас казак:** Аманғали аға, ұлттық қауіпсіздік саласында ширек ғасыр қызмет еттіңіз. Бұрын қауіпсіздік саласында кәсіби тұрғыда білікті қызметкер болғанын сізге қарап-ақ айтуға болады. Қазіргі жастардың дайындығы қалай?

**Аманғали Баталов:** Бұрынғы «А» бөлімі кейін «Арыстан» болып өзгертілді. Арнайы жасаққа кім көрінген алынбайды. Онда тек мықтының мықтысы жиналған. Құрал-жабдығы да керемет. Жігіттердің дайындығы өте жоғары деңгейде. Тек елімізде емес, шетелде тәжірибеден өтуде. Кез келген жерде жұмыс істей алады.

**Жас**

**казак:** Ұлттық қауіпсіздікке жастар қалай таңдап алынады?

**Аманғали Баталов:** Негізі, іріктеу өте қатан тәртіппен өтеді. Білімі, бойы, салмағы бәрі қаралады. Психологиялық тұрғыда тексеріледі. Ең бастысы, ұлттық қауіпсіздік саласында жұмыс істеу үшін рух, намыс керек. Құжатын тапсырып, барлық сынақтан өткеннен кейін ұлттық қауіпсіздік саласында бұрыннан жүрген әріптесімізбен жекпе-жекке шығады. Сол кезде оның рухы қандай екені көрінеді. Кейде денелі, бойы ұзын жігіттер бір-екі соккыға шыдамайды. Тек қорғанып, соккы жасай алмай жүреді. Ондайларға сенуге болмайды. Ал кейбіреуіне қарасаң, қарапайым тыныш тұрады. Бірақ іске келгенде қайтпайды. Ондайларды бірден аламыз. Себебі басқасына үйретіп аласын. Бізде әскери бөлімнен бөлек, инженер, бағдарламашылар бар. Компьютермен жұмыс істейтін инженер-саперға кілен ақылды жігіттер жиналған. Олардың білмейтіні жоқ. Қолындағы қондырғысымен бетонның арғы бетінде не болып жатқанын көрсетіп отырады. Итпен жұмыс істейтін кинолог маманымыз бар. Ол жаққа да өз ісінің біліктісі жиналған.

**Жас казак:** Сіз соңғы уақыттары Алматы облысындағы төртіп сакшыларынын арнайы дайындық жұмысына қатысып жүр екенсіз?

**Аманғали Баталов:** Иә. Бірақ олардың бірінші кезекте қару-жарағын жанарту керек. Қазір қылмыскер бұрынғыдай емес. Тәртіп сакшысынан мықты қаруланған. Дегенмен, бізде Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қарасты «Арыстан» арнайы жасағы бар. Олардың дайындығы, қару-жарақпен қалай жабдықталғанын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Сол себептен ішкі істер министрлігінің басшылығына әсіресе «Арлан» жедел қимылдау арнайы жасағын соңғы шыққан қару-жарақпен жабдықтауды ойластыру керек. Олар көп жағдайда қаруланған қылмыстық топты құрықтауға шығады. Ішкі істер министрлігі Алматыда өткен жылы болған оқиғадан кейін төртіп сакшыларды арнайы дайындықтан өткізуге жақсылап кірісті. Менің ойымша, арнайы жасақтың ардагерлерін тарту керек.

**Жас казак:** Сіз өз тарапыңыздан «Альфа» арнаулы жасақ қоғамдық бірлестігінің төрағасы ретінде әскери дайындыққа ардагерлерді ұсынып көрмейсіз бе?

**Аманғали Баталов:** Негізі, жақсы мәселе көтеріп отырсыз. Бізде жұмыссыз отырған қаншама ардагер бар. Олар көп нәрседен хабардар. Күш-жігері де жетеді. Көзін жауып қойсаныз да, қарумен мензеген жеріне дәл тигізеді. Жалақы беріп жұмысқа тартса, біраз нәрсеге үйретер еді. Жалпы, біздің бірлестіктің құрылуының да басты мақсаты — жұмыссыз жүрген азаматтарымызға қол ұшын созу. Бір сөзбен айтқанда, Ұлттық қауіпсіздік комитеті өз ардагерін ешқашан ұмытпайды.

**Сұхбаттасқан  
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ**





Ғылым мен тәжірибе



Кенеске қатысушылар ең алдымен университетке қарасты ғылыми-зерттеу орталықтарымен танысты. Аткарылып жатқан жұмыстардың мазмұнына назар аударды. Өркениет талабына сай әлемдік жаңалықтарды қалай игеріп, пайдалануға болады деген сұрақтарға жауап ізледі. Соның бірқатар мысалдарын орталықтарды аралаған кезде көрді.

Қай кезеңдерде болмасын азық-түлік қауіпсіздігі елдегі басты мәселе. Бүгінгі таңда да солай. Аграрлық саланы қайта жаңғыртуға ден қойып, Елбасының білім мен ғылымды реформалауға нақты міндет жүктегені сондықтан. Кенеске қатысушылар Қазақстан-Беларус орталығына көз тоқтатты. Бұл орталықтың жұмыс істеп жатқанына бір жылдан асқан. Осы кезеңде бірқатар нәтижеге қол жеткізді. Студенттер көршілеріміздің озық тәжірибесіне қанығып, осында әкелінген жана техникаларды меңгере бастады.

Делегация мүшелері Қазақ-Жапон инновациялық орталығында да болды. Ғылым-білімді тереңдету жолында екі елдің оқу орындары арасында іскерлік байланыс орнаған. Соның нәтижесінде зерттеу мен ізденіске кең жол ашылған. Жұмыс істеу мүмкіндігі артқан. Осының арқасында биотехнология, нанотехнология, цитология, малдәрігерлік медицина, микробиология, агроинженерия секілді стратегиялық-технологиялық әдістің соңғы үлгілері іске қосылған.

Бұдан кейін директорлар кеңесі кеңейтілген құрамда жұмысын бастады. Кеңестің басқарма басшысы, аграрлық университеттің ректоры

Тілектес Есболов есепті мерзім ішінде атқарылған істі баяндады. Онда қамтылған басты мәселе — еліміздің аграрлық саласын қарқынды әрі сапалы дамытудың жайына арналды. Өйткені, қазір еліміз өз халқын азық-түлікпен қамтамасыз етумен бірге, көрші мемлекеттерге ет, сүт, астық, тағы басқа отандық өнімді шығаруды қолға алып отыр. Бұл — ауыл шаруашылығы құрылымын жаңаша өркендетіп, саланы дамытуға білікті кадрдың лайықты үлес қосуына мұрындық болу деген сөз. Аталған істе университеттің алатын орны ерекше.

Кенес төрағасы, облыс әкімі Амандық Баталов ауыл

шаруашылығы бойынша Жетісу өңірінде алға басқан мысалдардың аз еместігіне тоқталды. Аймақта суармалы егістің көлемі бұрынғыдан көбейді. Асылтұқымды мал өсіретін кешендер бой көтерді. Апорт өсіру жолға қойылып, қант қызылшасы қарқын алды.

Амандық Ғаббасұлы «Әрине, ол үшін қыруар қаржы керек екені анық. Сондықтан біз Ислам даму банкімен бірлесе жұмыс істеп, 34 миллиард теңгені осы салаға бөліп отырмыз. Оның 19 миллиард теңгесі биылғы жылы игерілмек.

«Алматы облысында қант қызылшасын өндіріп одан ары дамыту үшін 34 млрд теңге бөлінді». Бұл туралы аталған өңір басшысы Амандық Баталов Қазақ ұлттық аграрлық университетінде болғанда мәлім етті. Онда әкім «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің кеңейтілген отырысына қатысқан.

Биыл «Аксу» қант зауытын іске қосу жұмыстары жүйелі жүріп жатыр. Сондай-ақ жүгері алқабының көлемі 78 мың гектарға жетті. 1 миллионға жуық ірі қара, 4 миллиондай қой-ешкі өрісімізді кеңейтті. Ет өнімдерін шетелдерге импорттау басты мақсатымызға айналды. Осындай жұмыстарды игеретін, өндіретін, жана технологиялардың тілін білетін, әрине, ауыл шаруашылық мамандары. Сондықтан біз аграрлық университетпен тығыз байланыстамыз», — деді.

Сондай-ақ университет жанынан құрылған «Фермерлер жоғары мектебін» де айта кеткеніміз жөн. Шаруа қожалықтары мен басшылары мұнда білімін толықтырады. Жоғары мектепте «Экстеншн» халықаралық моделі бойынша дәріс беріледі. Консалтингтік қызмет көрсетіледі. Бұл жайлардың уақыт талабына сай екенін бәрі мақұлдады. Кеңейтілген кеңесте «Байсерке-Агро» ғылыми-өндірістік оқыту орталығының директоры Темірхан Досмұхамбетов сөз сөйлеп, өз ойын ортаға салды.

Қазір ауыл шаруашылығын жүргізудің кешенді үлгілері ұсынылып отыр. Қожалықтардың кооперативтерге бірігіп, ірілену керектігі күн тәртібіне шықты. Ол құры сөзбен ғана орындалатын жұмыс емес. Сондықтан, аграрлық сала маманының



арқалайтын жүгі ауырлай түспек. Ендеше, университеттің рөлі биіктемесе, ешқашан төмендемейді.

Инвестиция

Президент «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабылеттілік» атты Жолдауында: «Біздің стратегиялық мақсатымыздың бірі — елдің ішкі

Бүгінгі таңда кәсіпкерлік саласын дамыту — мемлекетіміздің экономикалық саясатының басым бағытының бірі. Соның бір айшықты көрінісі — аудан орталығы Жаркент қаласының батыс жақ шетінде салынған жаңа асфальт зауыты салтанатты жағдайда іске қосылды.

— 21» ЖШС төрағасы Александр Скоропадский Ауған соғысының ардагері. Салтанатты шараға жергілікті және республикалық Ауған соғысы ардагерлері кеңесінің мүшелері де көп қатысты. Солардың қатарынан әділет генерал-майоры, профессор

АСФАЛТ ЗАУЫТЫ АШЫЛДЫ



жалпы өнімділігінде шағын және орта бизнестің үлесі 2050 жылға қамтамасыз ету», — деп атап көрсеткен болатын. Елбасының алға қойған бұл мақсатын жүзеге асыруда әр өңірдің қосар үлесі зор.

— Қазіргі таңда өңірімізде жұмыссыздықты жоюға септігін тигізетін жаңа өндіріс орындарын ашу жүйелі жоспарланып, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған көптеген игілікті істер атқарылуда, — деді Панфилов ауданының әкімі Бердәулет Абдуллаев. — Бүгінгі «Макс жолқұрылыс сервис — 21» ЖШС мұрындық болуымен асфальт зауытының іске қосылуы соның бір айғағы. Бұл өндіріс орны алдағы уақытта толық қуатында іске қосылғанда өңірдегі 70-ке жуық адамға жана жұмыс ұсынбақшы. Қазір мұнда 25 адам еңбек етуде.

Жана өндіріс орнының өңірдің дамуына тигізер мол пайдасын Алматы облыстық кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасының басшысы Маржан Мұрат көптеген жарқын мысалмен өріп жеткізді. Инвестор «Макс жолқұрылыс сервис

Рүстем Қайдаров, «Альфа» арнаулы жасак қоғамдық бірлестігінің төрағасы Аманғали Баталов, Ауған соғысы ардагерлері үйлестіру кеңесінің төрағасы Байқал Хамди, «Битум» зауытының директоры Исмайыл Әбизов жиында сөз сөйлеп, аудан тұрғындары мен жана кәсіпорын қожайындарын жана өндіріс орнының іске қосылуымен құттықтады.

Жиын соңында жұрт алдына шыққан зауыт қожайыны Александр Скоропадский жана өндіріс орнына көмек көрсеткен облыс әкімі Амандық Баталовқа және Панфилов ауданының әкіміне ризашылық сезімін білдіріп, қуанышын бөліскен барша көпшілікке алғысын арнады.

Жана зауыт құрылысына инвестор тарапынан жалпы құны 350 миллион теңге жұмсалады. Соның бүгінде 210 миллионы игеріліп, зауыт сағатына 100 тонна асфальт шығара бастады. Өңірге соңғы үш жылдан бері Іле ауданынан тасымалданған асфальт енді Жаркент қаласының іргесінде өндіріледі.

Фармацевтика

Бүгінде дәрі-дәрмек шығарумен айналысатын отандық өндіріс орындарының қарқынды дамып келе жатқаны көңіл қуантады. Соның бірі — Іле ауданы Ашыбулақ ауылындағы «Әбди Әбдрахим Глобал Фарм» ЖШС фармацевтикалық компаниясы. Өткен жылы жұмысын бастаған зауыттың жылдық өнім өндіру көлемі 7 миллион қорапты құрайды.

ҚАНТ ДЕҢГЕЙІН ТҮСІРЕДІ

Компания басшылығы алдағы уақыттағы өндіріс көлемін 24 миллион қаптамаға арттыруды жоспарлап отыр. Аталмыш фармацевтикалық компания GMP стандартына сәйкес экспортқа бағытталған сапалы, тиімді және қауіпсіз дәрілік заттарды өндіреді. Мұнда таблетка, капсула, құтылар шығарылады. Кәсіпорын дәрілік өсімдіктерге бай Қазақстанның дәрі-дәрмекті сырттан тасуын азайтып, фармацевтика саласының дамуын 10 пайызға арттырамыз деп отыр. Зауыт шығаратын асказан, туберкулез ауруларына қарсы препараттар, қандағы қант құрамын төмендететін дәрілер мен жана антибиотиктер сапалы әрі қауіпсіз.

Серіктестік директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Неслихан Гүнел: — Біз қандай дәрі шығарсақ та, оның сапасына баса мән

береміз. Дәрі-дәрмек шығаратын заманауи жоғары технологиялық құрылғылар Италиядан, Оңтүстік Корея мен Түркия елдерінен сатып алынған. Біздің зауыттың қуаттылығы жылына 200 түрлі атаумен 2 млн флакон, 1,5 млрд таблетка мен капсула шығарады. Соңғы жылдары гастроэнтерологиялық препараттар, туберкулез бен қант денгейін түсіретін дәрі-дәрмектер өндірудеміз. Ал алдағы уақыттың жоспарында зауытта кең ауқымды жұмыспен 3300-ге дейін білікті маман қамтылатын болады, — дейді.

Зауыт Қазақстан мен Түркия елінің бірлескен жобасы болғанымен, мұнда жұмыс істейтін 176 адамның барлығы жергілікті тұрғындар. Қызметкерлердің орташа жалақысы — 308 мың теңге. Ең бастысы, зауыт Іле ауданының көптеген

тұрғынын жоғары жалақылы жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Зауыт басшылығы 2 жыл бойына жергілікті компаниялармен жұмыс істеп келсе, биылдан бастап дәрілік препараттарын экспортқа шығаруды қолға алмақ.



Азық-түлік

Автоматтандырылған құрал-жабдықтарды жасап шығаратын «Baron sistem» өндіріс орнында осы күнде 30 адам еңбек етеді. Темірден түйін түйетін шеберлердің қолынан шыққан отандық құрылғылар аталған кәсіпорынның жұмысын ширатып, еңбек өнімділігін арттырудың басты тетігіне айналууда.

«Baron Foodтың» жартылай дайын тағам түрін шығарудағы талпыныстарын талайға үлгі етуге болады. Осы салада 240 адам тұрақты түрде еңбекке араласып, өз істерінің шебері атануда.

— Тамақ өнеркәсібіне керек ет тұрайтын, қаптайтын, жинайтын құрылғының барлығы серіктестіктің қарамағындағы темір өңдейтін цехта жасалып, көдеге жаратылады. Сырттан құрылғы сатып алынбайды. Соның арқасында шығын көлемі кеміп, өнімнің қолжетімді бағда әрі табиғи таза болуына мүмкіндік

ТЕХНИКАСЫ ДА, ТҰШПАРАСЫ ДА ӨЗІНЕН

тууда. Ет қажет болған кезде серіктестік шаруашылығындағы ірі қаралар сойылады немесе базардан жоғары сападағы етті сатып аламыз. Өнім даярлау пехында 8 адам жұмыс істейді, — дейді бас технолог Гүлмира Артықбаева.

Біз сөз етіп отырған жартылай дайын өнім шығаратын «Baron Food» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде бас-аяғы 48 тағам түрі шығарылса, соның ішінде тұшпараның 17, мантаының 8 түрі және бірнеше сығым еттер жасалады.

Сонымен қатар аталған тағам өнімдеріне қажет мөлшердегі көкөністерді, дәмдеуіштерді, жұмыртқа қоймалжынын

даярлайтын бірнеше атауға ие арнайы цехтардың барлығы рет-ретімен жұмыстарын жандандырып келеді. Бұған қоса, дайындалған өнімді салатын қаптама цехы да жұмыс істейді. Жартылай дайын өнім жылдам тоңазытылып, қапталатын бөлімнің еңбеккерлері де білек сыбана іске кіріскен. Өз ісінің шебері деуге



өзге кәсіпорындардан оқ бойы озық шыққан біздің өнімге елдің әр түкпірінен бөлек, Ресейден сұраныс көп түседі. Мәскеуде таяу маңда логистикалық орталық құрылып, «Вагонның» жоғары сапаға ие өнімінің кең таралуына мүмкіндік жасап отыр. Халықтық атауға ие жартылай дайын өніміміздің халықаралық стандарттарға

сай келетіндігін атау артық етпес. Отандық тағам түрін өндіруші цехта өткен жылы 1364 тоннаның өнімі өндіріліп, сауда айналымына шығарылды, — дейді жартылай дайын өнім өндіруші «Baron Food» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Юлия Литвинова.

Өткен жылды табысты аяқтаған серіктестіктің жетістігі мол. Атап айтсақ, Мәскеуде 70 елдің тауар өндірушілері қатысқан халықаралық көрмеде «Baron Foodтың» 7 түрлі өнімі ұсынылып, сапасы мен жасалуы жағынан үздіктер қатарынан көрінген оның алтауына алтын медаль берілсе, біреуі күміске қол жеткізгендігін мақтанышымен атауға болады. Бүгінде «Baron Food» атты арнайы сауда белгісіне ие жартылай дайын өнім шығаратын кәсіпорынның Қазақстандағы №1 отандық өнім өндіруші саналатындығы осы орасан зор еңбектің нәтижесі.

Бетті дайындаған Қуаныш ТҮНҒАТАР, Алматы облысы





Қызыл су

(Басы 1-бетте)

Бәйшешек көшіп жатыр екен деп Арқаның көктемі шықпай тұра алмайды ғой. «Көктем бұла, жер шола болып тұр ғой» деп таусылады үлкендер жағы.

Арқаның қысы түсінікті. Арқаның қысы майтонғысыз болса, арқардың ауып несі бар? Құс су ішкен күні Арқаның көктемі де жететін жауындатып, шашындатып. Бұл күн наурыздың 13-і. Алайда көктем келмеді.

Өңір тізгінін су жаңа әкіміміз Ерлан Қошанов алған. Жас басшы, жаңа басшы қауырт жұмыстың бәрін жиып қойып су тасқынының алдын алумен айналысқан. Әкімдердің қолына күрек беріп, жылы орындарынан қозғаған.

Наурыздың 30-да облыстық мәслихаттың кезекті сессиясы өткен. Күн тәртібінде

аудандарының сегіз елдімекенінде 21 үй, 44 аула су астында қалған. 400 адам көшірілген, олардың бір бөлігі туыскандарын паналауда. Құтқару жұмысына жергілікті тұрғындардан басқа ТЖ 594 қызметкері, 133 арнайы техника тартылған. Олар Жанаарқа және Ұлытау өңірлерін басып өтетін Жаман Сарысу өзені деңгейінің айтарлықтай көтерілгенін ашық айтуда.

Қазіргі жағдай қалай? Қалыпты. Бақылауда. Облыс әкімі Е. Кошановтың қатаң бақылауында.

# БӘЙШЕШЕК КӨШІП БАРАДЫ...

барлығы 28 мәселе қаралды. Соның бірі — осы су тасқыны еді.

Міне, қызық! Әлгі әкімдеріміз осы сессияда жүрді. Сессияда қосымша баяндама жасаған облыстық ТЖД бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Ибрагим Күлшімбаев тамам елдің көзінше, су тасқынына жүз пайыз тастүйін дайынбыз деді. Тіпті оған сауал қоюшылар да табылмады.

Сол күні өңірде жауын жауды. Арқа жеріне көктем жеткен еді. Сол күні тасқын басталды. Алдымен Ақадыр кетті. Елдің айтуынша, қайдан пайда болған белгісіз су топаны басталды да, төрт сағаттан кейін ізім-қайым жоғалады. Шын мәнінде, бұл өңірде тасқын шақыра қоятындай

## БІР АНЫҒЫ

Владимир БЕККЕР,

ішкі істер министрлігі төтенше жағдайлар комитетінің төрағасы:

«Қарағанды облысының – 17, Ақмола облысының 10 елді мекені су астында қалуы мүмкін. Қазіргі уақытта Самарқан су қоймасына судың мол түсіп жатқандығын байқа отырмыз. Осыған байланысты қазір осы су қоймасынан артық суды ағызу басталды. Самарқан бөгетінің төменгі сағасында орналасқан Чкалов ауылының – 137, Садовая ауылының 308 тұрғыны қауіпсіз жерге көшірілді. Тұрғындарға хабар берілді. Құтқарушылар сол жерде»

Әкім жұмыс сұрап отыр. Әкім жауапкершілік сұрап отыр.

Жауап беріп жатыр. Дәрігерлер, әкімдер, полицейлер... Өкініштісі, солардың арасынан гидротехниктерді көре алмадық.

Арқаның бәйшешегі қайтып оралса, шынымен-ақ гидромамандарды іздестірудің қажеті де бола қоймас.

Жалпы,

су деңгейі

38 сантиметрден 42

сантиметрге дейін айнып тұр. Мәселен, Нұраның Ақмешіт тұсындағы деңгейі 42 см көтерілсе, керісінше Шопо өңірінде 21 см төмендеген.

Облыстық манызы бар біршама жолдарға шектеу қойылды. Бес адам суға кетті. Аз ба, көп пе деп айта алмайсыз. Бір адамның өзі көп. Қарқаралының Нұркен ауылында суға кеткен ағайындылардың денелері табылды. Оны облыстық ТЖ басшысы И. Күлшімбаевтың өзі басқарды.

Төрехан МАЙБАС

Енді Ырысбек ойланды. Құда болып барған соң, барын киіп, байлауышын таққан абзал. Оның үстіне ананың сүті, әкенің күші деген бар. Ананың сүтін Жадыраның өзі-ақ жайрар, мен әкенің күшіне қорадағы қойдың ішіндегі пышақ көтеретіні, бозқасқа секті «Нивамның» жүк салғышына тиісп алайын.

Ниетті топ аз ғана адам болып аттанған. Екі жеңіл машинамен. Көкшетау қаласын басып өтті. Күпті жүрек орнына түскендей, жол біршама таза екен. Зерендіге иек арта жер-көкті алып кеткен қара суға кіліккен. Соңғы тәуліктерде күн күрт жылынды. Күрт жылынған соң орман-тоғайдың ішінде кептетілген тау-тау қар жіпсі еріп, алдымен қызыл су жүгіре бастаған. Зерендінің қырат-қырқаларынан жылай аққан сан жылға бір арнаға қосылған кезде Шағалалы өзенінің әншейінде кең көрінетін арнасына сыймай, тасып берді дейсіз. Өзен аңғарындағы көк мұз мұрты бұзылмай сол қалпы жатыр екен. Арғы беттен қырдан құлаған қара судың құдйлай құлаған екпінімен барар жерін таппай бұзып шыққан беті екен. Сөйтіп, Шағалалы елді мекенін әп-сәтте топан су басып қалды. Қара судың жиегінде жарты күн тұрған құдалар «Нива» машинасының қуатына сеніп әуелгі жол сорабымен тартып берген. Ырысбек терезеден қарап қояды, арғы бетте әлі сәлем салмаған келіні қолын бұлғап шақырып тұрған сияқты. Бір кезде су астындағы әлдебір шұңқырға

алдыңғы доңғалақ тап келіп, тасбақаша тырбанып келе жатқан автокөлік оң жапсарына оңқая жығылған. Жарты күн тар қапаста тұншыққан боз қасқа жүк салғыштың қақпағы айқара ашылып кеткен кезде қарғып шықсын. Алты ай бойы күннің көзін көрмей, жанары кіреукеленген боз қасқа қара суға қойып кетті. Қылтиған қос құлағы ғана төрт жыл бағып, еңбегін сіңірген Ырысбекке «қош бол қалқам, көргенше, қайта айналып келгенше» деп қолын бұлғап тұрған тәрізді ербең-ербең етеді патшағар.

Әйтеуір, өтті-ау. Бұлар өткен кезде топан судың тасқыны үй жыққандай емес еді. Соңғы доңғалақ сазға тиген кезде қыр басынан құдйлай құлаған қара су күш алып енін кеңейтіп, еніске аға бастады. Ал еңісте Шағалалы селосы.

Әупірімдеп жеткен құдалармен төс қағыстырған соң мән-жайға қаныққан. Қызыл су сәуір айының 11-і күні белгі

беріпті. Кейін күн күрт жылынған соң күш алған. Қазір жиырмалан астам үйді су басқан. Әйтеуір, елуге жуық адам қауіпсіз жерге көшіріліпті. Оның ішінде шиедей 9 бала бар. Дүние-мүлікті таситын шама қайда, тастай қашқан. Әйтеуір, мал аман. Ұзын-ырғасы екі жүзге жуық мал қарғын судың құрығы жетпейтін қыр басына иірілген.

— Ойбай құда-ау, құтқаратындар қайда? — деді Ырысбек жана табысқан құладан құшағын ажыратып жатып.

— Істеп жатыр. Төтенде жағдайлар департаментінің 9 техникасына мінгескен 20 адам мен төрт қайығы бар. Жергілікті билік пен полиция да осында. Әйтеуір, жұмылып жатыр ғой. Өздеріңіз келетін болған соң, жан-жақтағы ағайынды шақырғанмын. Енді оларды тоспайтын шығармыз. Кеше ғана Макинск, Аксу, Торғай бағытындағы жолды су шайып кетіпті. Мына тұрған Щучинскіден қатынас сап тиылды. Онда да нағашы жұрт бар еді. Щучинск-Зеренді бағытындағы жолдың алты шақырымы опырылып түссе керек.

— Құтты қонақ келген қой егіз табады, жаман қонақ келгенде жол бұзылады» деп тұрған жоқсың ба, құда? — деп Ырысбек су жаңа құдасының жүзіне сынай көз салған.

— Алла сақтасын, — деді жана құда ақталып, — сіздердің еш кінәларыңыз жоқ қой. Кінәлі алдымен табиғат, содан соң табиғаттың сынағына төтеп бере алмаған қызмет орындары. Осы былтырғыдан-ақ сабақ алуға болатын еді. Естіген шығарсыз былтыр сонау Целиноград ауданына қарасты Оразак ауылында 200 үйді су шайып кетті ғой.

— Естігем, — деді Ырысбек, — бәріне үш айдың ішінде су жана үй салып беріпті ғой. Қайта ескі, саман үйлері суға кеткеніне өздері де қуанған шығар. Біздің ауылдың әкімі де өткенде бізді де су басып қалмайды екен, үйлерімізді жаңартып алатын деп өкініп отырған.

Қос құда бүгінгі жағдайды былай қойып, көне тарихтың қойнауына үнілген.

— Осы бар ғой, бағыы кенес кезінде топан су басыпты дегенді естімеуші едік, енді қазір қайдан келіп жатқан су бұл? — деп сұралы Совет құда.

Жаңа құданың алдында есті кісі болып көрінейін деді ме, Ырысбек те қарап қалмаған.

— Ол уақытта совхоздар қуатты болды ғой. Егістіктің бетіне екі ізбен қар тоқтататын. Алты ай қыс бойы жауған қар ырыздық болып алқап

бетінде қалатын. Қазір ешкім қар тоқтатпайды. Қардың бәрі өзеннің аңғарына үйіледі. Сосын тасымағанда қайтсін, — деді Ырысбек.

Одан арғысын өзі де білмейтін еді. Бағзы заманда, кенес кезінде өзендердің неге момақан болғандығын Ырысбек қайдан білсін. Әкенің күші деп әкеле жатып қара сумен ағып кеткен боз қойының қай қиырда қалғанын білмей тұрған бұл, оны қайдан білсін.

Байқал БАЙӘДІЛОВ

## БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА:

Кешегі сіркіреп жауған жауыннан соң Шет ауданының Қайрақты елді мекенінде су жайылды. Ал Қарқаралы ауданындағы жағдай одан әрмен күрделене түсті. Егіндібұлақ жолында бір көлік құлаған. Жүргізушісі аман. Нұркен ауылының тұсында су көтеріле түсуде. Соның салдарынан Ежебай ауылының бес үйіне су кірген. Су Ақтоғай жақтан келіп жатыр. Негізінен, дала суы. Ондағы Жәмші таси қойған жоқ. Бүгін Қарағанды-Қарқаралы тас жолы жабылды. Өйткені су екі жерден жолды алып кеткен. Аяқ асты жолы кемі бір метр түсіп кеткен. Көмекке барған техникалардың барлығының батпақтап жатқан жайы бар.








# ӨМІР-ӨНЕР

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Қазақ халқының ұлттық музыкасы атадан балаға жетіп, көзінің қарашығындай сақталған асыл мұра қымбат қазынаға айналды. Қаймағы бұзылмай жеткен бұл өнердің бір шыңы күй. Бұл мұра ғасырдан-ғасырға жалғасып,

сұрыпталып, түрленіп, халықтың өзімен бірге дамып отырған. Өнердің осы түрін шарықтатып жүрген жас күйші, композитор Ғаламат Бейсеқожаевпен болған сұхбатымызды ұсынып отырмыз.

## Қазына

*Бәйшешектің басы толған уақыт. Сырлы тау Сырымбеттің тау етегіндегі ат тұяғы тымеген, қақалып өскен қалың шалғын, көк майса тұкті кілемдей жайқалып тұр. Құмдықөл жақтан жанға жайлы салқын самал жел еседі. Жел желітіп өткен сайын ауада мың сан шөптің, жүз сан гүлдің танауыңды жарар алуан исі бұрқыран, жұмақтың хош иісіндей әдемі леп еседі.*



Тау бөктерінен тай жүгіртім жерде қолдың саласындай ұйыса біткен ақ кайыңдардың ығына тігілген, ат шаптырым алаңкайда жалғыз өзі менмұңдалап тұратын он екі қанат ақ орда Қарауылдың игі жақсысымен лық толған. Ажарлы әңгімені, әсерлі әнді, өнегесі өміршең өнерді жат көрмейтін, заманында тумысынан талантты адамдарды бағалай білген атакты Шыңғыс төренің құт қонған шаңырағы бұл.

Таяуда Алтай Карпықты ай аралатып, қона жатып аралап қайтқан Орынбай акын қияндағы жұрттың қалың ішін аралағанда көрген небір қызықтарын майын тамызып

әңгімелеп отыр еді. Көбен би бастаған игі жақсылар ақынның уәлі аузынан шыққан тұшымды әңгімеге тегіс құлақ түрген. Кенет сырттан дабырласқан дауыс естілді.

— Ақан келді, Ақан сері келді, — деген қуанышты леп төңіректі түгел кернеп кеткендей. — Әп, бәрежелді, — десті отырған жұрт.

Орта жүздің ішінде алдына акын салмаған Орынбай мен жас пері Ақан серінің ел алдында сөз қағыстыратын сәтін тағаты қалмай күтіп жүрген талайлардың айы оңынан туғандай.

— Болды қызық, — десті біреулер. — Ореке, — деді Мақы төре, — сөз өнері сүйегіңе біткен сұңғаламз едің ғой. Жас дүлдүл Ақанның даңқы аспандап келеді. Бір сынап көрсен қайтеді? — Әншейінде аттыға жол, ауыздыға сөз бермейтін Орекең жас баладан жасқанбайтын шығар, — деп аксия күлді Жакып төре.

Сырттағы өрікпіген көп дауыс ақ ордаға таяғанда сәл саябыр тапқан. Сәлден соң мауыты шекпен жамылған, қияқ мұртты, қара торы, көркем жүзді Ақан сері кіріп келді.

— Төрге шық, сері, — деді Тоқсанбай би, — Орынбай ағанның сол тізесін баса отыр.

Әуелі қымыз жеткізілді. Бетінде тобықтай майы жүзген сары қымызды Сері асықпай, әдеппен толғай жұтқан. Ежелгі өзінің сырбаз қалпымен. Тостағаннан сынық елі ғана түсіріп. Дәл осы сәтте Орынбай акын қызыл түлкіні ілетін қыран бүркітше он иығын қолдап, малдас құрып отырған орнында байыз таппай қозғала беріп еді. Ақан ағасының шабыт шақырған, делебесі қозған емеуірін жазбай түсінді. Түсінді де сөзді өзі бастап жіберді:

*Ассалаумағалейкум, Орекем-ай, Бір өзі мың кісілік берекем-ай. Кешегі Тәні, Шыңғыс заманында, Сауық-сайран құратын мерекем-ай. Шақырып бізді билер келсін дейді, Той-думан, тамашаны көрсін дейді. Көп жүріп, көпті көрген ақын еді, Бағыз жүрісімен желсің дейді.*

Орынбай акынның көзі Ақан серінің үстіне желбегей жамылған мауыты шапанына түскен. Кең пішілген, етек-жені мол шапан екен. Қай жерден қапысын табамын деп отырған қарт акын жөпелдемеде сөз сабақтаған:

*Үстіндегі шапаның салбыраған, Дөңкөңі күйімдей қолбыраған. Әр заманның киімі басқа-басқа, Бұл киім жараспайды інім саған. Бұл сөзге Ақан тосыған жоқ. Ағасының айтқан сынына табан аузында жауап берді: Ақан да сөз табады ағасына, Зер салар ағасының бағасына. Бағыз ата-бабаң киім-кешен, Мұрас боп қалмай ма екен баласына.*

Енді Орынбай тосылып қалды. Ел ішінде аты жаңа ғана шығып келе жатқан Ақаннан мұндай алымды, алыр сөз күтпеген.

«Аяқ алысы жаман емес екен» деп ойлады Орынбай акын. Өзінің алғашқы тосылуы. Енді қамшы тиген тұлпардай ширғығып, тада бойы шабыт отынаң шамырқана ширғығып кеткен акын домбырасын қағып-қағып жіберіп, ыңғайлана бергенде ас әкеле жатыр деген сөз киіп кетті. Ас үстінде айтыс-тартысқа орын жоқ. Әрі төренің шаңырағында. Әленкедей жаланған жас жігіттер жез шылапшын әкеліп, қол жуылды. Екі кісі екі жағынан ұстап әзер көтеретін астау-астау ас тартылды. Женді білектей қос қазы, туырылып жатқан жал-жая. Ас бейбіт, үнсіз ішілді. Астан соң дәм қайырылып, жиналған көп мамыражай кейіпке енген. Осы сәтте манағы кеткен есесін қайтаруды ойлаған Орынбай Ақанды тағы бір іліп түсті:

*Дәретсіз неге керек қолды жуып, Жасыңнан зерек едің дінге жуық. Ақанжан, мен өзіңнен бір сұрайын, Бас сәждеге тиді ме, өзің туып. Сол сәтте Ақан былай деп жауап берді: Хақтығың дін Исламның білген шығар, Хақтықта көңіл жібіп, иеген шығар. Ореке, сіз сұрадың, мен айтайын, Иншалла бас сәждеге тиген шығар. Ақанның сөзіне қанағаттанбаған Орынбай акын уәжін өрістете түсті:*

*Бұған дейін мен оны білгенім жоқ, Ол жағғына көңілді бөлгенім жоқ. Бас сәждеге тиді деп сен айтасың, Мен оны өз көзіммен көргенім жоқ. Діни оқуы мол Ақан бұл тақырыпқа келгенде суда жүзген балықтай еркін еді: Жақсылар жалған сөзді дұрыс демес, Өз ағаммен айтысып қылман егес. Бір Алла іш пен тысты өзі білер, Пенденің көркемдігі дәркер емес. Бұл кез Орынбай акынның баласы Омар үйленген уақыт екен. Арнайы намахрам тігіліпті. Жастарды бір көріп қайтпаққа бекінген Орынбай акын намахрамның ішіне бір кіріп шыққан. Қарт акынның бұл қаламын серінің өткір көзі шалып қалды: Ореке, сіз бір қайық, біз бір кеме, Жөні келген бұл сөзді айттың деме. Дін күтіп, ишан барған адам едің, Намахрамның ішіне бардың неге? Орынбай да қарап қалған жоқ. Қарымта сөзін қайырды: Ақанжан, күш аттыда, сөз малдыда, Мұндай қасиет болмайды жоқ-жарлыда.*

*Парыз, уәжіп, сүннетті тамам қылып, Жалғыз-ақ намахрам деген сөз қалды ма?!. Ақылмен іс жасапты Адам ата, Бір Алладан басқада көп қой қата, Бір ғалым намахрамды рас деді, Берейін деп балаларға тілек-бата.*



Сол сәтте Ақан сері жұлып алғандай ағасына былай деп жауап қатты:

*Ей, Ореке, әдеттен сіз таптыңыз ба, Үлкен боп ар-ұяттан қалдыңыз ба. Төртегі өз орнында шақырғанда, Келмей ме екен балалар алдыңызға. Сол сәтте Орынбай жұлып алғандай былай дейді: Өлеңнен қалған емес отағасың, Береді жасастарға әлі сыбағасың. Жас бүркіт шыр айналып ұша берсе, Кігізіп қоярмыз біз томағасың. Киіз үйдің ішінде қос ақынның сөз сайысына разы болып отырған қалың топ Орекеннің тауып айтқан сөзіне ду ете түседі. Әсіресе, оларға жас бүркіттің томағасын кигізіп қоямыз деген сөзі ұнаған. Ақан сері де қарап қалмады. Ағасының уәжіне орай былай делі: Қалмапты өлеңнен рас отағасың, Жастарға беріп жатыр сыбағасың. Көрі бүркіт қона алмай жерге қайта, Біз дағы сыпырмасыз томағасың.*

Талай жыр доласын көрген, өншен өрен жүйрікпен сөз қағыстырған шын тұлпар Орынбай өкшесін басып келе жатқан жас талпаң Ақан серінің қабілет-қарымына қатты тәнті:

*Ақанжан ақын болған жан екен ғой, Салмақтап сөз көтерер нар екен ғой. Жауабың, айтқан сөзің бәрі дұрыс, Ат тұяғын басар тай бар екен ғой, — депті. Сол сәтте Ақан да өнерін бағалай білген сөз зергеріне інілік іттипат-лебізін білдірсе керек: Сіздерге біздей іні жар болармыз, Қалайша кемеңгермен пар болармыз. Басың бүлбүл, аяғың дүлдүлім-ай, Сізге де әлі-ақ бір күні зар болармыз. Орынбай акын ендігі арада інісімен айтысуды артық көреді. Көкірегінен көркем сөз өлең болып өріліп, қуылып тұрған інісіне былай деп бата берсе керек. Ертеден елге мәлім Орынбаймын, Кең сабаның сарқылмас қорындаймын. Алдыңнан жарылқасын Ақанжаным, Жас тұлпар шабысыңды мойындаймын.*

Байкал БАЙӘДІЛОВ, Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі

## Сыр сұхбат

— Ғаламат қазақ халқы өнерді өте жоғары бағалайтынын білесіз. Оның ішінде ұлттық өнерге деген халықтың ықыласы ерекше. Елімізге енді ғана танымал болып келе жатқан жас күйшісіз. Сіз жайлы әлі білмейтін тыңдарманыңызға өзіңіз туралы ақпарат бере кетсеңіз?

Ғаламат БЕЙСЕҚОЖАЕВ:



— Мен осы әсем қала Алматыда дүниеге келгенмін. Алты жасымнан бастап домбыра үйірмесіне барып, күй тартуды сол жерден үйрендім. 5-сыныптан бастап Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған музыка мектебіне оқуға түстім. Жалпы алғашқы күйімді 11 жасымда шығара бастадым. Қазір 16 жастамын.

— Жакында Алматы қаласында Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясында ағаныз Нұрсәт Бейсеқожаевпен бірге «Нұрлы жол» атты шығармашылық кеш өткізгеніңізді білеміз. Жалпы осы кеш жайлы айтып берсеңіз? Не себепті «Нұрлы жол» деп атадыңыздар?

— Иә, біз бұл шығармашылық кешімізді өткізу үшін бір айдан астам уақыт дайындық жүргіздік. Бұл кешті өткізуге бірден-бір себепкер болған ол біздің әкеміз. Кеш барысында Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрімен бірлескен және ағам Нұрсәт екеуіміздің бірнеше жеке туындымыз орындалды. Сонымен қатар өздеріңізге белгілі, өткен жылы еліміз өзінің 25 жылдық мерейтойын атап өтті. Осы орайда біз де өз еліміздің дамуына, оның ішінде мәдени дамуына қосқан кішкентай үлесіміз ретінде осы кешті өткізуді жөн көрдік. Ал бұл кештің «Нұрлы жол» деп аталу себебі ағам Нұрсәт Бейсеқожаевтың «Нұрлы жол» атты күй-

шығармашылық кешті осылай атадық. — Кеш барысында қандай күй, қандай шығарма орындалды? Жалпы, күй қоржыныңызда неше туынды бар? — Шығармашылық кешімізде өздерінің тамаша туындысымен қолдау көрсеткен Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестріне және жалпы кештің өтуіне атсалысқан барлық өнер сүйген жандарға алғыс айтқым келеді. Бұл кешімізде оркестрдің орындауынан бөлек, ағам Нұрсәт Бейсеқожаевтың 15-ке жуық күйі орындалса, менің күй

қоржынымдағы «Жазғытұры», «Абай толғауы», «Атадан мұра», «Қосқарай», «Наурыз», «Жеңіс», «Қордай» сынды 7-8 күй тыңдарманға тарту етілді. Бұл тек осы кеште орындалған күйлер ғана. Одан бөлек, жалпы 20-дан астам күйім бар.

— Бізге белгілісі күйдің де түрі болады. Мысалға, шертпе күй, төкпе күй сынды. Сіздің жалпы жаныңызға жақыны қай түрі?

— Мен қазақ өнеріне ғашықпын. Домбыраны жақсы көрем. Оның ішінде күйді ерекше жүрекпен қабылдаймын. Күй — ол мен үшін ерекше бір әлем. Оның қандай түрі болмасын бар болмысыңмен сезіне білу керек деп ойлаймын. Ал сіз жоғарыда атап өткен шертпе күй де, төкпе күй де, менің жанымға қатты жақын.

— Ақын шабытты түннен іздеп, айды аралап жатады. Суретшінікі, тіпті бөлек. Ал күйшіге қандай шабыт керек?

— Әрине, бізге де ақыннан кем түспейтін шабыт керек. Алайда ол қай кезде, қай жерде келері белгісіз. Кейде, тіпті көлікте кетіп бара жатып та құлағына әуені келіп қалуы мүмкін. Кейде ұзақ уақыт ешнәрсе ойлай алмай қалатын да сәттер болады. Бұның барлығы ең әуелі адам бойындағы дарынына, қабілетіне де байланысты болып жатады. Біздің арғы аталарымыз өте өнерлі кісілер болған. Кейде шабыттан бөлек, осы ата-бабамыздың қаны арқылы келген дарынды еңбек арқылы ұштап, соның арқасында туып жататын күйлер де бар.

— Ғаламат, алдағы уақыттағы шығармашылық жоспарыңызбен бөлісе отырсаңыз.

— Алдағы уақытта елордамыз Мәскеу қаласында және Қытайдың Үрімжі қаласында шығармашылық кеш өткізсек деген ойымыз, жоспарымыз бар. Әрине, бұл алдағы уақыттың еншісіндегі дүние. Ал негізгі жоспарымыз — осы халқымыздың асыл мұрасы болған күй өнерін әлемдік деңгейде таныту.

— Күйші болу үшін ең басты қандай талап қойылу керек?

— Күйшіге ең бастысы, қажырлы еңбекпен қоса, күйді түсіне алатын қабілет керек. Шығарған немесе орындап отырған күйге күйші өзінің жанын салып отыруы тиіс. Менің шығарған әрбір күйімде өзгеше бір әлем, өзгеше бір өмір бар деп түсінемін. Себебі оның әрқайсысының жеке шығу тарихы болады.

Сұхбаттасқан Сайлаухан АБЫЛАЙ, журналист







# 10 ЖҰҚ ТАМЫР

www.jasqazaq.kz E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

## Оқшау ой

Шымкент шаһарының тұнық бір кешінде көшеде келе жатыр едім, алдымнан белгілі жазушы Серік Жанәбіл жолықты. Түрі шаршаулы. Әлденеге ренішті сияқты.

— Өзімізде орыс тілінен мұғалім аздай, енді Ресейден шақырамыз дей ме? Басқа-басқа біздің басқармасында да хатымыз жатыр. Ал жоғары оқу орындарының басшылары

# ӨЗІМІЗДЕ ДЕ ЖЕТЕДІ

елде орыс тілінен ұстаз табылмады дегенге өз басым сенбеймін. Ресейден шақырғанша солтүстік өңірден неге тартпасқа?, — деп ауыр күрсінді. Әншейінде жайрандап жүретін ағамның мына тұнжыраңқы түрі мені де қатты ойландырды. Сөйтсем, жазушы ағаның көңіл-күйінің түсуіне мына бір жағдай себеп болыпты. Жуырда бірқатар сайт пен әлеуметтік желіде Шымкент қаласының әкімі Ғабидолла Әбдірахымовтың бір жиында «Орыс тілі маманын қажет болған жағдайда Ресей немесе Украинадан шақырайық. Әр ұстаздың тұратын бөлмесі болады», — деген сөзі жазылыпты.

Расында, еліміздегі үшінші қала Шымкент мектептеріндегі

орыс тілінде маман даярлау үшін гранттың аз бөлінетінін алға тартады», — дейді.

Шымкенттегі В.Титов атындағы №20 жалпы орта мектебінің директоры Андрей Ерешкинмен бұрыннан таныстығымыз бар-ды. Ол өз кезегінде, жоғары сынып мұғалімінің азайып бара жатқанын, тіпті осы мамандыққа ынтасы бардың азайғанын айтып қынжылды. Бұл мектепте де бос жұмыс орны бар.

Шымкентте 2500 зейнеткер жұмыс орнын тастап кетер болса, мектептердің қандай күн кешерін көз алдымызға елестете алмаймыз. Қалалық білім бөлімінің басшысы Жанат Тәжиева сол қала әкімі қатысқан жиында



шет тілін оқыту барысы қай деңгейде? Ағылшын тіліне бас қатырмай-ақ қоялық. Орыс тілі мен орыс сыныбында сабақ қалай оқытылып жатыр?

Осы оймен Шымкент қалалық білім бөлімінің бас маманы Қасымхан Досжановқа хабарластық. Ол «Жалпы, Шымкент қаласында ұлтты орыс 13 мыңдай оқушы бар. Қалада В.Титов атындағы №20 мектеп таза орыс тілінде оқытады. Аралас мектептер де бар. Қазір қала мектептерінде 200-дей зейнеткер әлі де жұмыс істеп жүр. Өйткені, олардың орнын басатын дайын маман жоқ. Орыс мектептеріндегі жоғары сыныптардың тарих, математика, физика сияқты пәндеріне мұғалім тапшы. Қазір орыс сыныптары үшін 30 мұғалімнің орны бос тұр. Бастауыш сынып мұғалімдері де жетіспейді. Бүгінде осы пәннің 15 мұғалімінің орнына маман іздеп жатырмыз. Бұл жөнінде жоғары оқу орындарына арнайы хатпен де шықтық. Облыстық білім

орыс сыныбына мұғалімді солтүстік, батыс облыстардан іздеуге ұсыныс жасапты. Біз де қоштаймыз. Өйткені, ол жактан өзіміздің мамандар келеді. Ал Ресей мен Украинадан келетін маманға дайын үйіміз бар ма? Олар түгілі өзіміздің қарақөздердің көп бөлігі әлі де үйсіз жүр емес пе? Аханасы бар жатақхана салынып жатса, оған келіп тұратын мұғалім өз елімізден де табылар.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының бірінші проректоры Баршагүл Исабек педагогикалық мамандықтың оқу ақысы қымбат. Сол себепті жастар техникалық мамандықты тандайды дейді. Оның айтуынша, егер грант бөлініп жатса, орыс сыныбына қажетті маман даярлауға институттың шама-шаркы толық жетеді. Ендеше, неге мәселенің осындай оңтайлы жолын қарастырмасқа?

**Сабырбек ОЛЖАБАЙ,**  
*Шымкент*

## Мұндай да болады

Ақтөбелік мұғалімдер алаяққа алданғанын айтады. Өзін денсаулық сақтау министрлігінің өкілімін деп таныстырғандар ұстаздарды бір жыл бойы медициналық тексерістен тегін өтесіздер деп қуанытып, қолындағы құрылғыларын негізгі бағасынан 5 есе қымбатқа сатып кеткен. Бұл туралы baq.kz хабарлады.

# Алдап КЕТТІ

Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайыңды ауылындағы Абай орта мектебіне наурыз айының ортасында «министрліктің өкіліміз», — деп үш адам келген. Олар мектеп ұжымын шұғыл жинап, келген шаруасын түсіндіре бастапты. Мемлекеттік бағдарлама арқылы қазір мұғалімдерді тегін медициналық тексерістен өткізу шарасы жүріп жатқанын айтып, қолындағы құрылғысын сатып кеткен. Кейін ауылдан облыс орталығына тегін тексерістен өтуге барған мұғалімдер көрсетілген мекенжай бойынша бірнеше рет іздеп, таппаған. Абай орта мектебінде массажерді он адам сатып алған. Қытайда шығарылатын құрылғы дәрiханада сатылмайды. Тек ғаламтор арқылы тапсырыс беруге болады. Мекеме мен үйді жағалап арзан ақшаға ұсынатындар да бар екен. Оның ғаламтордағы құны 3500 - 5000 теңге аралығында. Ал Темір ауданындағы Қайыңды, Алтықарасу ауылдарының тұрғындары оны 16 мың теңгеге сатып алыпты.

### Толғам

*Алтыстың асқарынан асқанда «Абай жолынан» бастап, бәрін қайта оқып жұрмін. Дулат Исабековтің «Қарғыны» да қолға тиді. Д.Исабеков ХХ ғасырдың соңындағы кейіпкерлері арқылы замана деген көзқарасын еркін білдіреді. Осы бір ерекше қаламгер өзіндік ой-толғамдарымен, көсемсөздерімен де көштен қалып келе жатқан жоқ. Тек еркіндігін елі мен жұрты елеп жатса ғой, шіркін. Бас кейіпкер Бағила былай дейді: «Айталық, Теккерей, Гюго, Франс, Шиллер (прозалық шығармалары), Скотт, т. б. дүниеге белгілі жазушылардың шығармаларына өз басым ешқашан таңалған да табынған емесін. Осылай дегенім үшін балкім, маған кейбіреулер тіл тигізер, қайдан шыққан данышпансың, өзін не бітірдің т. т. деген сияқты толып жатқан кінәлаушы сұрақтар қояр, — дейді де, отырып қалады. — Шукшин, Распутин, Астафьев секілді қазіргі шулы авторлар да көңіл аударуға тұрғанмен, адамзат ойына ой қосқан жоқ. Керісінше, қай-қайдағы бір Р.Вайан маған көп әсер етеді...», — дейді.*



# Көз бояуы жоқ көріністер

Дүкеннің кейіпкерлері қыспақ заманында-ақ өмірден көп нәрсе іздеген еді. Қазір тіпті еркіндік. Осындайда Б.Шоудың «Бәрі жақсы болып тұрған жерден ештене жазудың керегі жоқ» деген сөзі де еске түседі. Дүкеннің еркіндігіне тәнтімін. «Қарғын» — өлмейтін шығарма. Қайталап оқуға жалықпаймын.

\*\*\*

«Скрепки — қағаз қыстырғыштар» деп, қазақ тілінің мәртебеге жеткеніне мәзбіз. Бұған да бойысынып кетерміз. Десек те, үш қазақ отырған жерде үшеуі де қазақша сөйлеп үйрену керек. Бізде әзір біреуі қазақша, екеуі орысша сөйлейді. Әлі бойысуна алмай жатырмыз.

Ескі қағаз қыстырғыштар ағылшынша жазылып, жарнамаланып тұр. Оларды қағаздан алып тастау керек. Оған ешкім де «кой» деп қожалық етпейді.

Қағазды жанартса да болады. Қағазды да өзіміздің өнімнен шығару керек.

Көрінген жерде көненің көзіндей боп киімдігіш қалқыып тұр. Ол қыста да, жазда да ілулі. Жаздың аты — жаз, қыста киімді байқап ілейік те. Киімдігіште де орысша сөйлеген қазақ. Көне киімдігіште орысша сөйлеген қазақты көріп таңғаласын.

Бастарын тұмшалап алған қос келіншек Алматыдағы Абай ескерткішінің алдында жоқ іздеген адамдай түртінектеп жүр екен, шыдамым жетпей қастарына келдім.

— Не іздеп жүрсіздер? — дедім өн бойларынан ауылдың нышанын байқап. — ГСК деген керек еді. Еден жуатын, пол жуатын жер керек, — деді жартылай орысша сөйлеп.

Хабарландыру бойынша жүргендерін байқалым. Екеуі де жұмыс іздеп жүр. Автобуста отырып әлгі қос келіншекті тағы көрдім — іздеген жерлерін таппай, кен қалаға жалтақтап көз салады. Екі келіншек сенделіп әлі жүр. Жұық арада жұмыс табыла қояр ма екен?!

\*\*\*

Бәрі ағарғаннан басталды. Алматыдағы «Ресей» супермаркетінен жұқа қапшықтағы айран алдым.



Кіреберісте «скрепки — «Wardrobe» деп» ағылшынша жазулы тұр.

\*\*\*

Көгілдір экранның қай арнасын ашып қалсаң да — концерт. Қол шапалақ. Жаны рахаттанып, мәз-мәйрам болған қазақ. Шәмші мен Нұрғиса жырақта, үш аламық эстрадаға балқыған біреулер. Кітап қалып, шапалақ бірінші орынға шыққан. Оған мәз-мәйрам болған халық куә.

Қазақ қуансың, мейманасы тасысын. Той көбейсін. Бірақ кітап оқылып, әредік газет-журналдың беті ашылса ғой.

Жалаң әуенге елтіген қазақтың қыз-жігіттерінің ертені не болар екен?!

Ән мен әуен мазмұнсыз боп барады. Құр қол шапалақ қайда жеткізер екен? «Шапалақ, шапалақ» деп өзіне-өзі қошемет тілегендер қара халықты өнерімен қарық қылдым деп ойлайды. Олар алған тиын-тебеніне мәз. Бәсекеге түскен біреу.

Мағынасыз әнге құлақ түргендер мәз-мейрам. Бұған бақылау, тыйым болмас па екен? Өнерге, көркем дүниенің мазмұнына қырағы бақылау жасайтын тиісті орындар қайда? Социализм дәуірінде кітап шығару, ән мен оның сөзін қабылдау қандай қиынға түсті. Әлгі айтқан Шәмші ағаларымыз музыкалық әуенін тиісті орындарға өткізе алмай өрекіпп, қалай аласұрғаны ел-жұрттың есінде. Бұл күнде ән де көп, әнші де көп. Орындаушылар орамалы желпілдеп, қол бұлғап өзіне шақырып өрекіпп тұр.

\*\*\*

\*\*\*

Үсті-басымның бәрі ток. Электр тоғы. Ұялы телефонның тоғын да ақша төлеп тұла бойыма сатып алам. Қайта-қайта қарап жүріп, бір сенбес көңілмен цифрлар әлеміне әлсін-әлсін көз салам.

Құлақта радиотелефон. Бала-шағам соған мәжбүр қылғасын, мен де салауатты өмір салтына тәуелдімін, токтың қол астында жәутендеген жәудір көздерміз. «Сонда «Жұлдыз» бен «Қазақ әдебиеті» қайда қалды?» деген қыңыр ой тағы қамшылайды. «Үркер» үркеткеп, ұшпай жатып көлшігіне қона алмай жүр ме?» деп тағы қорқам.

Токтан үріккендердің арасында айналасына абайлап көз салатындар да бар екен. Оны бажайлап, байқап жүрмін. Қадырдың өленін оқып, Оралханның хикаяттарын жаттайтындар да аз емес.

Үсті-басын ток шалмай тыныш жүргендер де кезігеді. Ауылда жүргенде: «Ілім ұрмаған қайсысың бар?» дегенді ілуде бір естіп қалушы едік, сірә, сондайлар болу керек.

Сөздің сірағасы да. Бейімбет пен Ілияс сияқтылар да бар шығар. Ән шырқап, микрофон ұстап қалған қазақтың арасында «Абай жолын» айтпағанда, «Азамат Азаматыч» пен «Раушан — коммунисті» кітапханадан оқып қайтып жүргендер аз емес. «Жазылар едік, ақшамыз жоқ» деген студенттің сөзін естігенде редактор басынмен төмен қарап қаласын.

Біз кітап ұстаған

халықпыз.

Тек өзімізді-өзіміз қолдамаймыз. Кәсіп пен кәсіпкерліктің де жөні бар. Тілімізді ту ғып ұстасак қой, шіркін!

Бейімбет ауылға сөйлеп келіп, сөйлеп кетсе...

Өмір деген осы емес пе?!

«Кәсіпкер» деген сөз құлаққа қандай жағымды.

«Предприниматель» деген сөз көп айтылады...

\*\*\*

Бәріне таң қалам. Әсіресе, әлемде болып жатқан жағымсыз құбылыстардың менің көне астанамда соны қырынан ерекше белен алғанына, ұлттығымызға көленке түсіретін көріністің күннен-күнге өршіп бара жатқанына жаным дызылдап, бір орнымда дызақтап тұра алмаймын.

...Кілен ақсақалдар Алматыда, Абай ескерткішінің алдында өмірдің күрделі мәселелерін сөз ғып арлы-берлі жүреді. Бәрі де ғасыр жасаған, су ішерлігі аз қалған азаматтар. Солар кібіртектеп жүрген кезінде бірге қызмет істеген бір орыс қастарынан өте қалса, бәрі иіліп, бар орысшасын алға салып, өліп кете жаздайды.

— Осыған енді орысша сөйлемесе болмай ма? — дедім бірде. — Неге соған қазақша үйрен демейсіздер?

— Енді болмайды ғой.

Олардың арбасы өтіп кетті ғой...

— Бұлардың сөйлейтін кезі енді келді. Бұлар енді сөйлемесе, қашан сөйлейді? Бұлар өздері сөйлемеді, енді баласы мен немересін сөйлету керек қой.

— Сен өз баланды сөйлетіп ал, — Токсандағы шал шатынай қарады.

— Мен баламды бір адамдай сөйлеттім. Жапон келімін мен оған туған немерем, Аллаға шүкір, қайда жүрсе де қазақтың атын жақсы жағынан көрсете алады. Сіздерден лұғат күтеміз. Айналамыз толы түрік пен әзірбайжанның мейрамханасы. Қазақша сөз көрмейсің. Солар тек өз тілдерінде сөйлейді.

— Осы сені біреу оқытып жібереді-ау деймін,— деді ақсақал маған күдіктене қарап.

\*\*\*

Тағы да тіл. Бар тілді бағамдасақ, біздің тіл Рио-де-Жанейродағы жазғы Олимпиадада да мәнерін тауып, «мақал сөздің мәйегіне» айналып тұр. Осыған разымыз. Түрік боксшымен былғары қолғап түйістіргенде «Хабар» арнасының комментаторы еріксіз мақалдап жіберді. «Күріштің арасында күрмек жүр еді» дейді ғой біздің қазақ» деп, еріксіз қанына тартып кетті. Мейлі, мәтел сөзіміздің әлем топырағында айтылғанына разымыз, бұл — тіл мамандарының талқысы.

«Күріштің арқасында күрмек су ішеді» дегенді естіп өсіп едік. Біз мәтеліміздің шет жұртта бұрмаланып айтылғанына мәзбіз.

«Көңіл көңілден су ішеді» ғой.

**Қуандық ТҮМЕНБАЙ**





Кәсіпқой бокс

— Рахмет. Иә, сұхбат бермегеніме көп болыпты. Себебі менің соңғы кездері уақытымның бәрі жаттығу залында өтіп жатыр. Алда мен үшін өте жауапты жекпе-жек тұр. Қазір қарсыласымды зерттеп,

Бейбіт ШҮМЕНОВ:

ӨЗ

жаттықтырушылармен тактика құрып жатырмыз. Күніне екі мезгіл жаттығу, 4–5 сағат бойы тер төгіп, Дортикосты мерзімінен бұрын ұтуға дайындалудамын. Бокс — бұл менің өмірім. Мен кәсіпқой боксқа АҚШ-та тұру үшін ауысқан жоқпын. Қазақтың атын шығару үшін жүрмін.

— Әдетте кәсіпқой боксшылар 1 жылда 3–4 жекпе-жек өткізіп жатады. Сіз 2015, 2016 жылы бір-бірден ғана жекпе-жек өткіздіңіз? Неге аз деген сұрақ туады? Біз білмейтін қандай мәселе бар?

— Америкаға бардым. Менеджермен келісімшарт жасадым. Ары қарай болды, бәрі оңай,

ай сайын жекпе-жек өткіземін деу қате.

Кәсіпқой бокстың өзіндік қиындығы бар. Мен жиі жекпе-жек өткізуге дайынмын. Бірақ бәрі менің қолымда емес. 2015 жылы Эл Хеймонмен келісімшартқа отырғанмын.

Жекпе-жектенімді сол ұйымдастырады. Мен оған жылына 3–4 рет жұдырықтасуға дайын екенімді бірнеше рет айттым.

Әлі де айтып жүрмін. Мен жас емеспін, қазір өз бабымдамын.

Бокс жанкүйерлеріне қабілетімді көрсеткім келеді. Ауыр салмаққа ауысқалы маған, қазір салмақ қуу қиын емес.

Мен жекпе-жекке әрдайым дайынмын. Әлемнің кез келген мықтысымен шық десе, 3 минутта рингке көтерілемін. Аса ауыр салмақтағы Кличко, Жошуалармен де бүгін жекпе-жек өткіз десе ойланбастан, келісемін. Маған енді Лебедев қызық емес. Ол ұтылып қалған. Соңғы жекпе-жегінде ұтылған боксшыны ұтқанның несі мықтылық? Онымен шыққанша, Гассиевпен шыққан қызық, «WBO» чемпионы Александр Усикпен қуана жұдырықтасамын.

— Өткен шаққа бір оралайықшы. 2009 жылы испандық боксшы Габриэль Кампильомен кездестіңіз. Өкінішке қарай, төрешілер шешімімен қарсылас жеңіске жеткен болатын. Бірақ 5 айдан соң қайта жұдырықтасып, сіз жеңіске жеттіңіз. Келісімшартта реванш болып па еді?

— Қарымта жекпе-жекке (реванш) ешқандай келісімшарт болмаған. Ол менің кәсіпқой бокстағы 9 жекпе-жегім еді. Мен ол кезде кәсіпқой бокстың қыр-сырын енді үйреніп жүрген кезім. Әлемдік бокс кешін ұйымдастыратындар да жоқ еді елімізде. Ешкімді танымаймыз. Қарсыласымның гонорары 1 млн доллар болды. Иә, төрешілер жеңісті қарсыласымға берді.

Бірақ ол жекпе-жекте мен ұтылған жоқпын. Артынша, тәуелсіз төрешілер арқылы оны дәлелдеп, сот арқылы реванш алдық. Егер боксты

«АҚШ-қа демалу үшін келген жоқпын. Бұл жердің азаматтығы да керегі жоқ. Көк паспортымды ауыстырмаймын. Мен мұнда тек әлемге мықтылығымды дәлелдеу үшін ғана жүрмін». Бұл туралы WBA тұжырымы бойынша көш бастап тұрған Бейбіт Шүменов мәлім етті. Кәсіпқой боксшымен сұхбаттасу барысында Юниер Дортикоспен өткізетін келесі жекпе-жегі туралы да сұрадық. — Бейбіт, кубалық боксшы Дортикосқа қарсы өтетін жекпе-жекке қызу дайындалып жүргеніңізді білеміз. Уақыт тауып, сұхбат беруге келіскеніңіз үшін алдын ала алғыс айтқым келеді. Сізде жаңалық, бізде сұрақ көп. Еліміздегі жанкүйерлеріңіз сізді жоғалтып алды. Ақпараттық сайттан жекпе-жекке дайындық туралы аз-кем жаңалықты ғана оқып жүрміз. Бокстағы мансап, алдағы жоспар мен АҚШ-тағы өміріңіз туралы соңғы сұхбатыңыз есімде жоқ. Бүгін осы олқылықтың орнын толтырсақ.

жеңісті қарсыласқа берді. Боксшылар қиын кездесуден соң, рингтегі кемшілікпен жұмыс жасайды ғой. Сіздердің тараптан сол кезде қандай кемшілік орын алды?



11

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

40 профессор емделді. Шетелден мықты мамандар келді. Ата-анам «Бейбіттен айырылдым», — деп жылап жүрді. Сол кезең мен үшін өте ауыр болды. Боксты ұмыттым. Аурумен күрестім. Шүкір, жеңіп шықтым. Денсаулығым жақсарған соң, 2013 жылы Тамаш Ковачпен жекпе-жек өткіздім. Ал 2014 жылы Бернард Хопкинспен жұдырықтастым. Бернардпен жекпе-жек үшін мен 26 келі салмақ кудым. Өзімнің салмағым 105 келі еді. Сол салмақ кууда денсаулығым қайта нашарлады. Рингке еркін қимылдай алмадым. Соккылар



ӘР БОКСШЫНЫҢ АРМАНЫ

жұмсағың келеді, бірақ денем тындамайды. Тактиканы ауыстыруға ми жұмыс істемейді.

Бұл менің кәсіпқой бокстағы ең қиын кезім. Жанашыр, жөн көрсетер ешкім жоқ. Америкалықтардың айтқанының бәрін ақыл деп ойлап жүре берген кезім. Мүмкін бұл қиындықтан да өту керек болған шығар. Сол жекпе-жектен соң мен бірден салмағымды өсірдім. Қазір мен өз салмағымның бірінші нөмірлі боксшысымын. Осы салмақта чемпионмын.

— Сіз елімізге өте сирек келесіз. Соңғы рет елде қашан болдыңыз? Бейбіт Шүменов АҚШ азаматтығын алған деген сөзді естіп қалып жатамыз. Қаншалықты рас?

— Мен соңғы рет елде 2014 жылы болдым. Сол жылы желтоқсан айында АҚШ-та Томас Боббиенмен мен жекпе-жек өткіздім. Келесі жекпе-жегіме ақпанда дайын боламын деп едім, уақытты созып 2015 жылы шілденің 25-не жекпе-жек қойды. Тіпті сенбі күні болатын жекпе-жегімді сәрсенбі күні естіген күнім де болған. Сол үшін мен үнемі бабымда болуым керек. Менеджерім ертен жекпе-жек десе, мен дайын болуым керек. Маған қазір демалуға болмайды. АҚШ-қа демалу үшін келген жоқпын. Бұл жердің азаматтығы да керегі жоқ. Көк паспортымды ауыстырмаймын. Мен мұнда тек әлемге мықтылығымды дәлелдеу үшін ғана жүрмін.

— Сіз WBA тұжырымында көш бастап тұрсыз. Бұл біз үшін үлкен жетістік әрі мақтаныш. Қалған 3 негізгі WBC, WBO, IBF тұжырымдарының

чемпиондық белбеуіне жұдырықтасуға қазір сізде толық мүмкіндік бар. Осы белесті де бағындыруға қаншалықты әрекет жасалып жатыр?

— Басқа тұжырымның чемпиондарымен жұдырықтасуға 2015 жылдан бері дайынмын. Менеджерім ұйымдастырса болды. Ол жекпе-жектен бокс жанкүйері үшін де өте қызық болар еді.

— «ӘКСПО-2017» халықаралық көрмесі аясында Астанада кәсіпқой бокс кеші өтеді деп жоспарлануда. Қазақстандық бокс жанкүйерлері сізде де сол кеште көргісі келетінін жиі айтып, әлеуметтік желіде жазып жүр. Елге келіп, жекпе-жек өткізу жоспарда бар ма?

— Астанада өтетін кәсіпқой бокс кешінде жекпе-жек өткізу туралы ұсыныс айтылды. Мен қуана қабылдаймын. Өз елінде, өз жанкүйерінің алдында жекпе-жек өткізу әр боксшының арманы. Менінше, Астанада жоғары деңгейдегі бокс кеші болады. АҚШ-тағы жанкүйерлер де ол жекпе-жектен хабардар. Күтіп жүр.

— Рахмет, Бейбіт. Көп адам көкейіңдегі сұрақтарға жауап алды деп ойламын. Алдағы жекпе-жекте жеңіске жетіп, көк тулы желбіретіңіз деп тілейміз. Астанада жүздескенше, аман болыңыз!

Сұхбаттасқан Берік СҰЛТАН

Футзал

Футзалдан Қазақстан ұлттық құрамасы 2018 жылғы Еуропа чемпионатына жолдама алды.

Алматыда өткен іріктеу ойынында отандастарымыз чехтарды 3:0 есебімен ойсырата жеңді.

ЕЛ ҚҰРАМАСЫ ЕУРОПА ЧЕМПИОНАТЫНДА



Ойында Дуглас кос голдың авторы атанса, бір голды Михаил Першин соқты. Айта кетейік, осыған дейін футболдан Қазақстан құрамасы Македония мен Дания құрамаларын ұтқан болатын. Екінші орын алған Чехия қосымша жолдамаға таласатын болады. Футзалдан 2018 жылғы Еуропа чемпионаты 30 қаңтар мен 10 ақпан аралығында Словения елінің астанасы Люблянада өтеді.

Білім

КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ ҚАРА ШАҢЫРАҚ!

«Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – Қазақстанның сапалы білімі мен ғылымының алтын діңгегі»

Н.НАЗАРБАЕВ

Қазіргі таңда ҚазҰУ-дің құрылғанына 80 жылдан аса уақыт өтті. Осыншама уақытта еңсесін түсірмей, қайта күннен-күнге даму жолында болды. «Жасы үлкен қария, ақылы оның дария» демекші, қария жасқа келіп, шәкірттеріне дариядай білім беріп келе жатқан университетіміз үлкен мақтанышқа ие.

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 20 мыңнан астам студент оқуда. Оның арасында алыс-жақын шетелдің жастары да бар. Университетімізді 2010 жылдан бастап, Ұлттық ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Ғалымқайыр Мұтанов басқарады. Біз білім алатын жоғары оқу орны халықаралық стандартқа сай құрал-жабдықпен жабдықталған. Студенттің барлық қырынан өзін көрсетуге мол мүмкіндік жасалған. Университетте атқарылған барлық жұмыс, ұйымдастырылған шара еліміздің өзге де жоғары оқу орындарына үлгі бола алады.

Өзім білім алып жатқан университеттің маңдайалды факультетінің бірегейі — экономика және бизнес жоғары мектебі. Алпыс сегіз жылдық тарихы бар, киелі факультетіміздің басты мақсаты — еліміздегі экономикалық салаға қажетті кадр дайындау. Мұнда білім беру қазіргі заманға сай әдісті қолдана отырып, жоғары дәстүрлі классикалық білім беру негізінде жүргізіледі. Экономика және бизнес жоғары мектебінде 3000-ға жуық бакалавр мен магистрант, PhD докторант білім алуда. Жоғары мектепті дәрежелі маман, мықты педагог, еліміздің еңбек сіңірген

қайраткері, э.ғ.к., доцент Баян Ермекебаева басқарып келеді. Мен таңдаған «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы мемлекеттік қызмет жүйесіндегі кәсіби экономист-әкімшілік басқару саласының қызметкерін даярлайды. Дана халқымыз «Ұстазы жақсының-ұстанымы жақсы» демекші, оқытушы ұстаздар қауымы да жоғары дәрежелі маманнан жасакталған. Кафедра



менгерушісі, профессор Қарлығаш Мұхтарова, профессор, экономика ғылымдарының докторы, доцент Жұмабек Тұмбай, доцент Гүлжиһан Смағұлова, доцент Лаура Әшірбекова, аға оқытушылар Райгүл Есенжігітова, Ғани Асқаров, Альмира Жұмағазиева сынды ұстаздарымыз біздің тек маман ретінде ғана емес, сонымен қатар адами тұрғыдан да өсіп жетілуімізге зор ықпалын тигізуде.

Қызығы мен қиындығы қатар жүретін студенттік шақтың соңғы курсында келіп жеттік. Ендігі мақсат — алған білімімізді еліміздің дамуы үшін сарп ету, мемлекеттік қызмет саласында білікті маман болу !!!

Өтеғали ШЕДЕНОВ,  
Экономика және бизнес жоғары мектебінің  
«Менеджмент және маркетинг»  
кафедрасының профессоры, э.ғ.д,  
Нұржан МҰТАЛІХАН, «Мемлекеттік және жергілікті  
басқару» мамандығының 4-курс студенті






«Кластер» сөзі бізге жат емес. Оншақты жыл бұрын шаруашылықты түрлендіруге уәде берген атқамінерлер осы терминді көлденең тартатын. Экономиканы өртараптандыруға (диверсификация) жол ашатын бұл бағыт кәдімгі тауда да бар. Қысы-жазы туризмді дамытуды көздейді. Францияда «Моунтейн кластерімен» қауымдастық айналысады. Ұйым өкілдері елдің күнгейіндегі Вал-Сени (Val Cenis) атты шағын елді мекенге әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған журналистерге жобасын таныстырды.



Алыптін етегіндегі тау шаңғысы орталығында өткен тілші ағайынның басқосуына «Жас қазақтың» атынан біз де бардық. Сонау 1955 жылдан бері шаңғы тебетін қаламгерлердің кездесуін өткізіп келе жатқан Халықаралық шаңғышы – журналистер ұйымының (SCIJ) аталған атырапты таңдауы тегін емес. Ұйымдастыру комитетінің төрағасы, француз командасының жетекшісі Рено Ришбенені айтуынша, мұнда сырттан саяхатшы тартуға барлық мүмкіндік бар. Теңіз деңгейінен 1500 метр биікте орналасқан ойпат тоғыз жолдың торабында. Тап іргеді Италияның Турин қаласы тиіп тұр. Сол қаладан Парижге баратын пойыз осы маңнан өтеді. Автобуспен де келуге болады. Еуропалықтар тау беткейіне жол салуды әбден меңгерген. Тактайдай тегіс. Оның пәлендей құпиясы жоқ. Бөлінген қаржы орнымен жұмсалады. Асфальттың астын құм не топырақпен толтырып, бетін жылтыратып қоятын қулыққа бармайды. Су шайып кетпесін деп арық жасап қойған.



# Тау мен Кластер



Америкалық Дэвид ағай жұмыс үстінде

дерлік. Осыдан барып миллиондаған турист баратын Австрия мен Швейцариядағы жарнаманың шетелдік саяхатшыны тартудағы құдыретін мойындайсын.

Әлгі қауымдастық француз тәжірибесін өзге елдерде де іске асыруға күш салып жүр. Айта кеткен жөн, ұйым мамандары 2014 жылы Сочи Олимпиадасын өткізуге көмектесті. Алатау баурайындағы Шымбұлақтың әлеуетін арттыруды көздейтін жобаға да ықылас танытып жүр. Сонымен қатар Алматы қаласы 2022 жылғы қысқы Олимпиада ойындарын өткізуге үміткер болған кезде бірлесе жұмыс істеуге ықылас білдірді. «Монтан» кластері қауымдастығының директоры Бенуа Робер екі жыл бұрын былай деп еді. «Біздің кластеріміз тау шаңғысы жүйесін жетік біледі. Франция үш рет Олимпиада ойындарын өткізді. Қазақстанда біздің кластер 10 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Француз компаниялары «Ақбұлақ», «Табаған» және «Көкжайлау» демалыс аумақтарын дамытуға жәрдем беруде. Біз Алматы әкімдігімен бірге туризмді одан әрі дамытсақ дейміз». Олимпиада демекші, бұл ел 2024 жылы Парижде өтетін жазғы дүбірлі доланың дайындығына кірісіп кетті. SCIJ басқосуы шеңберінде Олимпиаданы ұйымдастыру комитетінің өкілдері журналистерді дайындық барысымен таныстырды.

Вал Сени – отбасылық демалысқа ыңғайлы. Шаңғы мен сноубордты енді игергендер мен орташа деңгейдегілерге таптырмас орын. Әсіресе, сырғанақ сабағы үшін таң атпай тауға өрмелейтін кішкентай

балақайларға қауіпсіз орын. Мұнда мүгедектер де жиі көзге шалынады. Мүмкіндігі шектеулі жандарға лайықтап жасалған шаңғы немесе шанамен қасыннан зулап өткенде таңқаласын. Тағдыр теперішіне мойымағандарға еріксіз сүйсінесін. Жолдың бәрі бірдей емес. Ұшар биіктен төмен құділағанда асқан әбжілдік пен шебер техниканы талап ететін «қара жолы» да бар. Кәсіпқойлар бір жетіден кейін жалыға бастайды деседі.

Шаңғышы әріптестердің жиынына қайта оралайық. Әдеттегідей, бұл жолы да giant slalom (гигант слалом) және cross country (жазықта шаңғымен жүгіру) бойынша күш сынасты. Басқасын қайдам, өз басым алпыстан әлдеқашан асып, сексеннің сенгіріне тақап қалған карт қаламгерлердің ширақтығына риза болдым. Кейбірі, тіпті жастарды жарты жолда қалдырып, қайрат пен қажырлықтың үлгісін көрсетті. Біздің «Қаламгер» футбол командасының капитаны Жанарбектің (Ж. Әшімжан) «Тәжірибе жастық жалынан басым түседі» дейтін пікірге тағы да көз жеткіздік.



SCIJ бұл жолы таудың қыстағы мүмкіндігін көрсетумен ғана шектелмеді. Жазғы әлеуетін де паш етті. Сол мақсатпен 80 шақырым жердегі Шамбери қаласына апарды. Жан Жак Руссо тұрған кентті тамашалап, тағы да тауға бет алды. Айнала жасыл желек. Шаңғы жолында қар жоқ. Саяхатшылар жаю жүреді. Таза ауада велосипед тебеді. Жол бастаушымыз Эдит. Қарапайым француз жігіті. Өзі шаңғы мен велосипед бойынша нұсқаушы. Салған жерде біздің Александр Винокуровты сұрады.

Білікті маманның арқасында тау велосипедінің ерекшелігімен таныстық.

Тау кластері тек спортты қамтымайды. Энергетика, ауыл шаруашылығы, ауыр және жеңіл өнеркәсіп сияқты көптеген саланы қамтиды. Еуропада мұның игілігін қаладан қашықта жатқан елді мекендегілер көріп отыр. Бұл өз алдына бөлек әңгіме.

Срайыл СМАЙЫЛ,  
Вал Сени – Шамбери. Франция

## Директор – Бас редактор Срайыл СМАЙЫЛ

### Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Бас редактордың бірінші орынбасары

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

### Тілшілер мен қызметкерлер:

Бейбіт ТОҚТАРБАЙ – Астана қаласындағы меншікті тілші

Жарас КЕМЕЛЖАН – қоғам және әлеумет

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ – арнаулы тілші

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ – web-редактор

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – теріміші

Мехмет СЕМЕРЖИ – фототілші

### Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қуаныш ТҰНҒАТАР – Алматы облысы (8 702 952 88 17)

Сабырбек ОЛЖАБАЙ – Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 385 72 75)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ – Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор  
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

### Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМУХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

### Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы,

93-үй (Абай даңғылының қиылысы)

Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67

(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК  
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)  
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54  
Тапсырыс – №2114;  
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 52 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «Qazaq Air» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.